



Жас өркен Қостанай



1 (86) қаңтар-ақпан, 2017 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хұсаиын ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Дикан ҚАМЗАБЕК
Хұсаиын ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Қымбат ДОСЖАНОВА
8(702) 514-14-03
менеджер-дизайнер
Айтөлкын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
ойы сақталып түзетіледі.
Көлемі үш компьютерлік
беттен асқан материалдар
қабылданбайды.

Бәрекелді!

Ресейден робот әкелді

Университетіміздегі ақпараттық технологиялар факультеті студенттерінің білімін жетілдіру мақсатында Ресейден робот әкелінді. Бұл игі іс «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының (ГПИИР) қаржыландыруымен жүзеге асқан болатын.

Промобот деп аталатын робот арнайы енгізілген бағдарлама бойынша жұмыс істейді. Мұндай роботтар адамның жұмысын біраз жеңілдетеді. Мысалы, ақпарат тарату, сұрақтарға жауап беру сияқты қызметтерді роботтар орындай алады. Бұдан былай ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері де осындай мүмкіншіліктерді пайдаланатын болады. Факультет студенттері үшін робот оқудың жаңа мүмкіндіктерін ашады деген сенімдеміз. Студенттер де құлтемірді қызықтап, оның қызметін зерттеу үстінде.

Роботтың тағы бір ерекшелігі, ол оқытушының орнына дәріс оқи алады. Үнемі интернет желісіне қосылулы болғандықтан студент белгілі-бір себептермен оқу орнына келе алмаса, үйінде отырып та роботтың көмегімен дәріс тыңдай алады.

Дәріс барысында роботқа түрлі сұрақтар қоя аласыз. Роботтың танысқан адамдардың бет-бейнесін есте сақтайтын ерекше қасиеті бар. Келесі кездескеніңізде сізді танып, қал-жағдайыңызды сұрайды.

Техниканың жетілген заманында білім алып жатқан студенттер үшін осындай озық технологияның қызметін зерттеп, «тілін табу» жақсы мүмкіндіктерге бастайтыны сөзсіз.

Инновациялық орталық көш бастады

Ғылым мен инновация бір-бірімен байланысты ұғым. Ғылым - бұл ақшаның білімге айналуы болса, инновация – білімнің ақшаға айналуы. Бүгінгі таңда еліміздің экономикасын алға жылжытатын да осы инновациялар. Нарықта бәсекелестерінен бұрын инновацияларды тез енгізген орталықтар көшбасшы болады дейді ғалымдарымыз. Сондай көш бастап келе жатқан орталықтардың бірі Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде де бар. Ғылыми инновациялық орталықтың басшысы Сәбит Қоқанов зертханалардың тұрмыш-тіршілігін баяндап берді.

-Сәбит Қабдышұлы, алдымен орталық жайлы айта кетсеңіз.

-Біздің зертхана алғашында «Инновациялық ғылыми білім беру орталығы» деп аталған болатын. Былтырғы жылғы жаңартулардан соң Ғылыми инновациялық орталық болып өзгерді. Орталық 2009 жылы ашылды. Бірнеше зертхана жұмыс істеді. Екі жыл бойы алдымызға қойған мақсат бойынша қарқынды еңбек еттік. Түрлі құрылғылар сатып алдық. Біздің басты мақсатымыз оқу ордамыздағы ғылым мен инновацияға жақын студенттерді үйрету, олардың деңгейін анықтау. Жастардың жасаған ғылыми жұмыстарын өндіріске енгізу қажет. Ондай жастарға қол ұшын созатын, қолдау жасайтын мамандар керек. Біз сол үшін де ашылдық десек артық айтпаспын.

Орталықтың негізгі ұстанымы – ғалымдардың жұмысын өңдеу, өндіріске енгізу. Дарынды, білімді студенттерді тауып, оларды осы орталыққа тартып, ғылымды дамытып, ғылыми жобаларын аяғына дейін жеткізіп, бизнеске қосу жолында еңбек етіп жатырмыз.

- Осы уақыт ішінде қолжеткізген жетістіктер



бар шығар?

-Біз 2011 жылы бірінші грантқа ие болдық. Бүгінгі таңда бізде он гранттық жоба бар. Әрине, ол ең алдымен университетке және ғалымдарға келіп түсетін табыс. Біз өз кезегімізде бұл ақшаға жаңа құрылғылар аламыз. ҚР «Үдемелі индустриялық инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы» бойынша жұмыс істедік. Қазіргі таңда бұл бағдарлама екінші сатыға көшті. Осы бағдарламаның аясында Елбасымыз бірнеше зауыттар ашты. 2015 жылы біздің оқу ордамыз ең үздік 10 жоғар оқу орнының қатарына кірді. Ахаң атындағы қара шаңырақтың үздік ондыққа кіргені бәріміз үшін үлкен жетістік дер едім.

-Аталған бағдарлама бойынша қолға алынған нақты жұмыстарды атап өтсеңіз.

-Жаңа айтып кеткен бағдарламаның бірнеше бағыты бар. Соның ішінде біздің университет екі бағыт бойынша жұмыс істейді. Оның бірі көлік жөндеу болса, екіншісі азық-түлік өңдеу. Оның өзі бірнеше саладан тұрады: азық-түлік қауіпсіздігі, тағамдардың жаңа түрлерін өңдеу т.б.

Орталық қызметкерлері профессорлық оқытушылар құрамына, университеттің кафедралардың қызметкерлеріне, магистранттар және докторанттардың тапсырыстарын дайындауда, гранттық қаржыландыруға ғылыми жобаларды жасау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының, практикалық және зертханалық сабақтарының әдістерін таңдау, магистрлік және докторлық зерттеулерін келесі бағыттар бойынша орындайды: биологиялық объектілердің физико-химиялық анализы: су, топырақ, өсімдіктер, мал және өсімдіктің шығу шикізаты, азықтық тағамдар және т.б. Өсімдікті шикізатта, жемде және азықтық тағамдарда ГМО-ның сапалы және сандық жағынан анализін анықтау. Малдардың жұқпалы аурулар диагностикасының биотехнологиялық әдістері;



биологиялық объектілердің және патологиялық материалдың иммуноферменттік анализы. Мал және құстар қан сарысуының иммунологиялық зерттеулері. Ауа, су, мал және өсімдіктің шикізаты, азықтың, патологиялық материалдың микробиологиялық зерттеулері. Малдан шығатын азықтық тағамдардың ветеринарлық-санитарлық сараптамасы, сапа бағасы және шикізаттың қауіпсіздігі. Мал, құс және балықтарға арналған жемдердің зоотехникалық анализы және үйлесімді рациондардың компьютерлік өңдеуі. Су айдынының биоиндикация әдістерімен экологиялық мониторингі. Штаммдар-продуценттер микроорганизмдерден биологиялық препараттарын, биологиялық активті заттарын, оның ішінде су айдынынан алу технологияларын жасау. Арнайы су айдыны штаммдар биосалмағының негізінде отынның баламалы түрлерін алу технологияларын жасау болып табылады.

-Зертханадағы қызметкерлерге тоқталсаңыз.

-Мұнда он үш адам қызмет жасаймыз. Олар нақты біздің штаттық қызметкерлеріміз. Жалпы, басқа кафедраларға, ветеринария және мал шаруашылығы мен агробиологиялық факультетінен профессор, доценттер келеді, магистранттарға сабақ беріп сонда жұмыс істейді.

Біздің қызметкерлеріміз Жапония, Ұлыбритания, Сингапур, Шотландия, АҚШ сынды елдердің ең үздік жоғары оқу орындарында білім алып келді.

-«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы сіздерге қандай мүмкіндік берді?

- Бұл бағдарламаға 2015 жылдан бастап қатысып жатырмыз. Бағдарлама аясында зертха-

наларды жаңа жабдықтармен қамтамасыз еттік. Құрылғыларды АҚШ-тың үлкен компанияларынан аламыз. Сондай-ақ, Швеция мен Ресейден де алып тұрамыз. Жаңа жабдықтардың атына заты сай. Жұмыс процесінде өте ыңғайлы екеніне сан мәрте көз жеткіздік.

-Кадр мәселесіне көңіліңіз толады ма?

-Алғашында мен өзім жалғыз болатынымын. Кейін ақырындап адам жинала бастады. Әрине, азбыз. Сондықтан, бізге ең алдымен маман керек. Жұмыс істегісі келетін адам бар деп те, жоқ деп те айтуға болады. Біз үшін «құмның ішінен алтын дән іздегенмен» бірдей. Себебі, ғылымға қызығатындар өте аз. Бірнеше адам келеді, студенттер де, магистранттар да, бірақ олардың арасынан дарындыларын табуымыз қажет. Кейбірі дарынды болғанымен жалқау болуы мүмкін. Сондықтан, ең қиын мәселе кадр тапшылығы болып отыр. Бұл – бір. Екіншіден, қаржыландыру. Керек жарақтардың барлығын са-тып алу үшін қаржы тапшы. Қаржыландыратын орталықтарды өзіміз табуымыз керек. Сонымен қатар, орын қажет. Бізде идея көп, өсіп жатырмыз, дамып келеміз. Сол себептен бірнеше зертхана керек, кеңейтілу жасалса дейміз. Оның бәрін орындау үшін бізде мүмкіндік шектеулі болып тұр. Үлкен аймарат қажет.

Сұқбаттасқан Арайлым КАБИМОЛДАҚЫЗЫ.

Суреттерде: ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары ҚМУ-дың инновациялық орталығына келген сәті; зертханадағы қызу тіршілік.

ҚАНАТЫҢДЫ КЕҢ СЕРМЕ!



Әлемдегі ең айшықты халықаралық бұқаралық спорт және мәдени оқиғалардың бірі - Универсиада біздің елімізде де өтті. Әрине, оның бірден-бір мақсаты – жастар арасында спортты дамыту.

Универсиаданы Алматыда өткізу туралы ресми шешім 2011 жылғы 29 қарашада Брюссельде Халықаралық университеттік спорт федерациясында (FISU) өткен дауыс беру нәтижесінде қабылданды. Осылайша, Алматы бұрынғы кеңестік елдерінің ішінде бірінші болып, 2017 жылғы XXVIII қысқы Универсиаданың астанасына айналды. Алматыда өткен 2017 жылғы Дүниежүзілік қысқы универсиаданың тұмары ретінде сұңқар таңдалды. Тұмарды ұсынушылардың пікірінше, сұңқар жылдамдықты, жеңілдікті, күш-қуат пен жеңіске деген құлшынысты бейнелейді. Логотип айқын көрінетін динамикалық пішіні бар сұңқар қанаты түрінде жасалған. Осы символға орай, Алматыдағы



Универсиаданың ұранына «Қанатыңды кең серпі!» тіркесі таңдалды.

XXVIII қысқы Дүниежүзілік универсиада 2017 жылы 28 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өтті. Мегаполисті ірі спорттық шараға дайындаудағы инфрақұрылымдық база қызметін 2011 жылы өткен 7-қысқы Азия ойындарына арнап салынған нысандар атқарып отыр. Атап айтқанда, «Сұңқар» халықаралық шаңғыдан секіру кешені, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы және Алматы облысындағы шаңғы-биатлон стадионы универсиада жарыстарын қабылдады. Спорт жарыстары сондай-ақ «Медеу» мұз айдынында және «Шымбұлақ» тау-шаңғылы курортында өтті. Универсиада үшін қосымша тағы Мұз сарайы, Мұз аренасы және Атлеттер қалашығы салынды. Универсиада аясында Қазақстанда спорттың 13 түрінен (8 міндетті және 5 қосымша) жарыстар жоспарланды. Мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, тау шаңғысы спорты, сноубординг, биатлон, шаңғы жарысы, шайбалы хоккей, керлинг міндетті спорт түрлеріне кірді. Ал қабылдаушы тараптың ұсынысы бойынша енгізілетін қосымша спорт түрлеріне шаңғымен тұғырдан секіру, шаңғы



қосайысы, фристайл, конькимен жүгіру спорты және бенди кірді. Осыған байланысты елдің 14 облысында Универсиада алауы жағылды. Универсиада алауын қала көшелерінде алып жүру тек таңдаулыларға ғана бұйырған. Осындай іс-шара біздің Қостанайда да қолға алынды. Қостанай қаласы 26 қаңтар күні Универсиада алауын жақты. Универсиада алауын Тобыл өңірінен алып өтіп, Алматыға табыстау олимпиада ойындарының екі дүркін жүлдегері, боксшы Иван Дычкоға бұйырды.

Аталған Универсиада еліміздің тұғырын одан әрі көтеріп, әлемдік деңгейде Қазақстанның дәрежесін арттыра түскендей.

Әйгерім ШАЯХМЕТОВА,
ГӘФ журналистика мамандығының
1-курс студенті.

Суреттерде: Қостанай қаласындағы универсиада алауын алып өту сәті.

Қазақ елінің ең ірі жобасы



Л.Н. Толстой атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында Қазақстанның бас қаласы Астанада өтетін «EXPO-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне арналған «EXPO-2017: қазақ елінің ең ірі жобасы» атты кітап көрмесінің салтанатты тұсаукесері өтті. Оған университетіміздің аграрлық-биологиялық факультеті экология мамандығының 14-600-31, 14-601-32 тобы және стандарттау, метрология және сертификация мамандығының 15-600-61 тобының кураторлары және студенттері қатысты.

Көрменің тұсаукесерінде Е.Әмірзақов атындағы облыстық филармонияның әншісі Манапбек Қадыров 1925 жылы Парижді таң қалдырған және EXPO-2017 лейтмотиві болған Әміре Қашаубаевтың «Балқадіша» өнін нақышына келтіріп орындады. Осы іс-шара қатысушыларын облыстық мәдениет басқармасының бас маманы Роза Төлешқызы құттықтап, «Қостанай таңы» газетінің бас редакторы Жанұзақ Аязбекұлы «EXPO-2017» көрмесіне дайындық барысы жайлы айтып өтті.

«Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ туризм және лицензиялау бөлімінің басшысы Талғат Жұмабайұлы 12 ұлттық парк пен ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұрасының қатарына алынған нысандар енгізілген арнайы туристік маршруттар жайында айтып берді. Қостанай облысының туристік маршруты – өткен жылы құрылғанына 80 жыл толған өңіріміздің қымбат қазынасы – Науырым мемлекеттік табиғи қорығы.

Э л ь м и р а

Кенжеғарақызының жетекшілік етуімен «Шағын-EXPO-2017» байқауында жеңіске жеткен Ғайса Жанбота мен Жақсылықов Ернар өздерінің жобаларымен таныстырды.

Балалар және жастар ұйымдары қауымдастығының жетекшісі Татьяна Антонинова халықаралық көрмеге қатысатын қостанайлық еріктілер тобын таныстырды. «Қазпочта» АҚ ҚОФ директорының орынбасары Нұрболат Сейітханұлы «EXPO-2017» билеттерін сатып алудың тәртібін түсіндірді.

Іс шараның сәнін EXPO тарихы жайындағы Георгий Шаповаловтың фотокөрмесі келтірсе, Эльвира Сапабекованың орындауындағы әндер мерекелік көңіл күй сыйлады.

Төрт бөлімнен тұртын «EXPO-2017: қазақ елінің ең ірі жобасы» кітап көрмесіне Л.Н.Толстой атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының қорынан алынған 100-ден астам басылым қойылды. Өзінің нысаны бойынша көрме тұрақты жұмыс істейтін, тақырыптық, стационарлық көрме болып табылады және кітапхананың «EXPO-2017» арналған бірқатар мәдени-ағартушылық шараларымен таныстырады. Кітап экспозициясының ашылуы оқырмандар мен қала қонақтарының Қазақстан туралы, EXPO көрмесі туралы білімін тереңдете түсуіне, қазақстандықтардың елімізде болып жатқан оқиғаларға ортақтастық сезімдерінің қалыптасуына, қазақстандық отаншылдықты тәрбиелеуге, өз елін мақтаныш ете білуді тәрбиелеуге көмектесетін болады.

Т.Төлеміс
Аграрлық-биологиялық факультетінің
«Стандарттау, метрология және серти-
фикация» мамандығы 15-600-61 тобының
кураторы.



Механиканың тілін тапқан



Техникалық қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін өзге этнос өкілдерін көп көреміз. Ондай кезде білікті мамандардың ісіне сүйсінесің. Қазақ жастары да техниканың қыр-сырын жетік меңгерсе ғой деп ойлайсың. Елбасымыз да кіші буынды техникалық мамандықтарды таңдауға шақырумен келеді. Осы орайда небір шетелдік көліктерді шашып тастап, қайта құрап беретін қостанайлық жас туралы әңгімелеуді жөн көрдік.

Суретте 22 жастағы Абылай Әмірқұловтың күнделікті жұмысы бейнеленген. Ол 14 жасынан бастап көлік жөндейді. Әкесі Рахаттың жеке техникалық қызмет көрсету станциясы бар. Бала кезінен әкесінің тірлігін көріп өсті, қолғанат болды. Уақыт өте техника жөндеуге төселіп алады. Бір жағынан, бұзылған көліктің ақауын табу қызық қой.

Абылай бүгінде ҚМУ-дың заң факультетінде сырттай бөлімде оқып жүр. Бұған дейін аталған университеттің ветеринарлық факультетін бітірген. Екі түрлі мамандықта оқыса да көлік жөндеу ісінен қол үзген жоқ. Өйткені, адам сүйікті ісін тастамайды емес пе.

-Кәсіби-техникалық білімім жоқ. Практика арқылы тәжірибе жинақтадым. Білмегенімді әкемнен сұраймын. Екеуміз ақылдасып-кеңесіп тұрамыз. Қала ішіндегі бірнеше ТҚС мені жұмысқа шақыртып тұрады. Солардан тапсырыс алып орындаймын. Әке-шешеге тілмірмей, өзім де еңбектенгім келеді. маған өз шығынымды өзім жапқан ұнайды,-

деген Абылай көліктердің уақыт өткен сайын дамып жатқанын айтты.

Қазір барлық көліктер электронды. Бір жері бұзылса екінші, үшінші жері де істен шығуы мүмкін. Бәрі бір-бірімен байланысты. Абылайдың айтуынша, неміс көліктерін жөндеу оңай. Ал жапондық техниканың құрылысы өте қиын.

-Қазіргі темір тұлпарлар жүргізу оңай, ыңғайлы. Жүк салғышы, капоты өзі жабылады. Кілтсіз қызатын көліктер де бар. Жөндеу жұмыстарына қызыға кірісемін. Кінәратын табу үшін түнімен жұмыс істеген кездерім де болған. Жүргізушілердің басты қателігі, «өзім білемге» салып, әрнәрсені қозғайды. Сөйтіп, түзетемін деп қисайтып алады немесе артық қыламын деп тыртық қылады. Бұзылған техникаға қол тигізбей кәсіби маманға тапсырған дұрыс,- дейді Абылай Әмірқұлов.

Абылай ең алғаш рет әкесінің Audi 80 маркалы көлігін жөндеген. Бүгінде кез келген адамға көмектесуге дайын. Қажетті бөлшектерді Ресейден, Қытайдан тапсырыспен алдыртады. Болашақта мемлекеттен несие алып, жеке техникалық қызмет көрсету станциясын ашқысы келеді. Әзірге әскерге барып келсем дейді. Отан алдындағы борышын өтеу азаматтың бала күнгі арманы. Еліміздің отаншыл жастары осындай болса керек.

Қымбат ДОСЖАНОВА

Әзілі жарасқан жігіттер

Көңілді тапқырлар клубы жастардың бас қосатын ортақ алаңы іспеттес. Біздің университетімізде көрермендердің көңілінен шығып жүрген жайдарманшы жастар баршылық. Солардың бірі «КГУ MAN» тапқырлар тобы. Оның құрамында Мейрамбек Бейсенбек, Орал Дәурен, Дәулет Өтегенов сияқты белсенді студенттер бар. Команданың белді мүшесі Мейрамбек Бейсенбекпен сұқбаттасқан едім.

–«КГУ MAN» командасы қай кезде құрылды?

–Команда 2015 жылы сәуір айында жасақталды. Жетекшіміз – Дәулет Өтегенов. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ –дің бас вимаратында ректор кубогына арналған турнирде алғаш рет сахнаған шықтық. Әзілдерді көрермендер жиі талқылайтын жаңалықтарды, қоғамда болып жатқан өзгерістерді және жастарды қызықтыратын тақырыптарды ескере отырып жазамыз. Сахнада орындалатын әзілдердің бәрін өзіміз жазамыз. Ойынның алдында команданың мүшелері жиналып, ақылдасамыз.



–Құрамда ең алғаш үш жігіт болды. Былтыр қатарымызға Петропавлдың жігіттері және соңғы ойында Қостанайдың танымал жайдарманшысы Әділхан Хамзин қосылды.

Біздің әрқайсымыз оқу мен спортты бірінші орынға қоямыз. Топтағы Әділхан спортпен шұғылданғанды жақсы көреді. Дәулет пен Дәуреннің сүйікті істері компьютер ойындары мен баздарламалар. Себебі, таңдаған мамандықтары – инженерлік технология.



Менің сүйікті ісім өте көп. Бәрінен де Жайдарман ойнаған ұнайды.

–Басқа командаларға еліктейсіздер ме?

–Еліктейтін топ немесе сықақшымыз жоқ. Өзімізде белгілі бір стиль қалыптасқан. Кез келген жас алдыңғы толқын ағаларға, әрдагер сықақшыларға ұқсағысы келеді. Сол сияқты, біз де алдымыздағы тәжірибелі ойыншылардан үлгі алуға тырысамыз. Жақсыдан үйрену керек. Бірақ дәл солай қайталаудың қажеті жоқ.

–Алға қойған мақсаттарыңызбен бөліссеңіз?

–Біріншіден, кең байтақ Қазақстанның қалаларын аралау, ашық лигаларда ойнағымыз келеді. Екіншіден, Астана қаласындағы маусымашарға эфирге жолдама алсақ дейміз. Бізге мықты демеуші керек. Шығармашылық өз уақытымен жүре береді.

Ең бастысы, қазіргі кезде жанкүйерлеріміз бар, өзіміз сияқты жастардың қолдауына иеміз. ҚМУ-дың факультетаралық ойындарында, маусымашарда жеңімпаз болдық. Осы жолдан таймай, әрқашан жеңіс тұғырынан көріне берсек деген тілектеміз.

**Сұқбаттасқан Сымбат БАЙДІЛДИНА,
АБФ 2-курс студенті.**

Ескі атаулар етектен тарта бере ме?

Бірде «Қазақстан-Қостанай» телеарнасынан екі қазақтың жас жігіті Қостанай көшелері жайлы, әрі елдің аттары жайында мәселе көтеріп, жұрт өздерінің пікірлерін айтты. Әсіресе, олардың айтқан мына статистикасы мені қатты ойландырды. «Қостанай қаласында 250 көше бар, соның 26-ы ғана қазақша атпен аталады» деді. Яғни, 9 пайызы ғана. Қандай елде тұрамыз? Жарайды, бұрын Компартия кінәлі дедік. Ал егемендік алғанымызға 20 жылдан асты, енді кімді тосып жүрміз. Ел атың, жер атың, көше атың кім дұрыстайды?

Елдің, жердің, көшелердің аттарынан неге айырылып қалдық? Мысалы, өзім білетін, көп жыл жұмыс істеген Ұзынкөл ауданында 15 совхоздың біреуі ғана қазақша – «Ұзынкөл» деп аталатын, қалған кеңшар Калининский, Карл-Маркс, Куйбышевский деп аталады.

Қазір қаланың көшелеріне Д.А. Қонаевтың, Шақшақ Жәнібектің атын берейік деген сөздер шығып жатыр, бұл дұрыс, мұны қолдау қажет.

Айтайын дегенім, Қостанай жерінде туған қазақтың үш тұлғасы, қазақтың мақтаныштары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Хакімжан Наурызбеков жайында.

Үлкен жастағы кісілердің бәрі біледі. Қазақтың классик-жазушылары Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің туған жері осы Қостанай облысы, Преснегорьков ауданы. Ол кісілер қазір неге солтүстік қазақстандықтар деп аталады. Оның мынандай себебі болды. 1963 жылға дейін ол кісілер шығармашылық іс-сапармен елдеріне келгенде осы Қостанай қаласы арқылы келетін. Бірақ ол кездегі облыс басшысы А.М. Бородин ол кісілерді қарсы алмақ түгіл, баратын жерлеріне көліктің өзін зорға беретін көрінеді. Бір жыл емес, талай жылдар бойы. Содан Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов ретін тауып, 1963 жылы Перснегорьков ауданының 5 совхозының жерің, ішінде өздерінің туған жерлері бар, қазіргі Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов кеңшарларын Солтүстік Қазақстан облысына беруге ықпал етеді. Сөйтіп әдебиетке, өнерге, ғылымға зор үлес қосқан алып тұлғалар солтүстік қазақстандық болып шыға келеді.

Сәбит Мұқанов – 1900 жылы Қостанай облысының Преснегорьков ауданында дүниеге келген жазушы, қазақ-кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі, әдебиет зерттеуші-ғалым, қоғам қайраткері, 1954 жылдан Қаз.КСР Ғылым


академиясының академигі. Қазақстанда кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға қатысушы. 1935 жылы Мәскеу қызыл профессура институтын бітірген.

1935-1951 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметін атқарған. 1936, 1937, 1943-1951 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы қызметінде болған. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері. 1956-1966 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК-нің мүшесі, 2-8 сайлауда Қаз.КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Бейбітшілік қорғау жөніндегі комитеттің мүшесі болған. Үш мәрте Ленин ордені, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерімен марапатталған.

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы Қостанай облысының Преснегорьков ауданында 1902 жылы дүниеге келген. Жазушы қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы (1985), Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі (1958), Социалистік Еңбек Ері (1974). Преснегорьков орта мектебін бітіргеннен кейін 1926-27 жылдар аралығында Омбы ауыл шаруашылық институтының жұмысшы факультетінде оқиды. 1928-38 жылдары «Қазақстан» баспасының бас редакторы. «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің редакторы. Қаз.КСР Оқу-ағарту комитеті өнер секторының меңгерушісі. 1956 - 1957 жылдары «Ара» - «Шмель» журналының бас редакторы. 1957-1962 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы. КОКП XXII съезінің, Қазақстан Компартиясы көптеген съездерінің делегаты. 5-11 сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Абай атындағы Мемлекеттік (1970), Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтарының (1976) лауреаты. Үш мәртебе Ленин орденімен марапатталған.

Наурызбаев Хакімжан - 1925 жылы 27 тамызда Ұзынкөл ауданында Ұзынкөл ауылындағы дүниеге келді. Қазақ өнерінің шоқ жұлдызы. Қазақтан шыққан алғашқы мүсінші. Алматыдағы Республика сарайы алдындағы Абай ескерткішінің авторы. Алматыдағы көркем өнер училищесін бітіргеннен кейін Москвада оқуын жалғастырды. Атақты мүсінші Конанковтың шәкірті.

Мүсінші Х.Наурызбаев 300-ге жақын шығарманың авторы, Мемлекеттік сыйлықтың



иегері. Жүргенов атындағы өнер академиясының профессоры. 2007 жылы қаңтар айында ол «Тарлан» сыйлығының иегері атанды.

Халқымыздың бірінші мүсіншісі Наурызбаев Хакімжанның 100-ге толуын күтпей өз өлкесі Қостанай қаласында бір көшенің атын берсе, Алматыда шәкірттері бар шығар, солар Наурызбаевтың мүсінін өздері істеп қалаға, сол көшеге сыйлық ретінде қойып берер еді.

Тағы бір сөз. Қазақтың дәулескер күйші композиторлары Дина, Құрманғазы, Шәмші, батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Төлеген Тоқтаров, тағы басқа атақты кісілердің аттарын көшелерімізге беруге деген тілек бар. Мұндай пікірге кейбір қарсылық білдірушілер: «Олар бөтен жердің қазақтары, елдеріндегі қалаларында көшелердің ата-

улары бар шығар»-дейді. Сонда Гоголь, Калинин, Маяковский Қостанай өлкесінде туып па, еңбек істеп пе? Бұрынғы Кеңес үкіметінде 1000 қала болса, соның бәрінде осы кісілердің атында көшелер бар емес пе?

Көшелерімізде елдің, жердің аттары жоқ. (Сарыарқа, Астана, Алматы, Торғай т.б.), керісінше Киевский, Озерный, Заозерный, Затоболовка, Заречный деген орысша аттардан көз сүрінеді. Осындай мәселелерге назар аударатын кез қашан келеді, ағайын?!

Еркін ҚҰДАБАЕВ,
зейнеткер.
Қостанай қаласы.

Спортшы Алмас

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың агрономия мамандығының 3-курс студенті Алмас Құсайынов оқу орнындағы белсенді жастардың бірі. Ол 1996 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Ғ.Мүсірепов ауданы, Новоишимка ауылында дүниеге келген. Университетіміздің мақтанышымен сұқбаттасып, спорт тақырыбында сөйлескен едік.

-Алмас, сен спортқа қалай келдің?

Бала күнімнен бастап футбол, жеңіл атлетика үйірмелеріне қатыстым. Сегіз жасымнан бастап әр түрлі спорт жарыстарына белсене ат салыстым. Оның алғашқысы футбол болды. Облыстық жарыста футболдан жеңімпаз атандым. Жеңіл атлетикаға 8-ші сыныптан бастап қызықтым. Қазіргі күнге дейін жеңіл атлетикамен айналысамын.

Біздің университетте жыл сайын «Денсаулық күні» болады. Бұл күнде барлық факультеттер жүгіру марафо-



нына қатысады. Яғни, қыздар, ұлдар бөлек жүгіреді. Мен бұл марафонға жыл сайын қатысып, әр жылдары I және II-ші орындар алдым. Биылғы марафонда I-ші орынға ие болдым.

Мен үшін, әрине, оқу маңызды. Сондықтан, оқуға дайындалған соң жаттығу залына жүгіремін.

-Алғашқы бапкерің туралы бірер сөз.

-Менің алғашқы бапкерім – Асанәлі Асқарбеков. Сол кісі мені спортқа дайындады. Бапкерімнің жаттықтыруы арқасында бірнеше аудандық, облыстық жарыстарға қатыстым.

- Спорт арқылы қандай жетістіктерге жеткің келеді?

-Әлем чемпионы болғым келеді. Жеңіске жету үшін талмай дайындалу керек. Кез-келген адам алдына мақсат қояды. Сол секілді менің де мақсат-мұраттарым бар. Оның қаншалықты орындаларын уақыт көрсетер.

**Сұқбаттасқан Сымбат БАЙДІЛДИНА,
аграрлық-биологиялық факультетінің
2-курс студенті.**

«Мәңгілік Ел» - мақтанышымы

Менің қолымдағы кітап - Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» кітабы. Бұл кітапты кітапханадан алып келгенім жаңа ғана. Оқиын деп кітапты ақтарып отырып, ойға кетіп қалдым. Бүгін тарих пәнінің мұғалімі Әлім Назгүл Әлібекқызы ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған «Қазақстан ұлы елдің бірігу тарихы» атты Республикалық интернет байқауы болатынын айтқаны есіме түсіп, соған алаңдап тұрғаным. Қалай бастасам екен...

«Көшпенділердің» оң жақ мұқабасын, сол жақ мұқабасын қарап отырып, көкейіме мына бір ойлар келді. Әрине, қолыма қалам алдым.

«Мәңгілік Ел»- дегенде Қазақстан тарихының кезеңдері есіме түсіп отырғаны. Жоғарыдағы кітаптың оң және сол мұқабалары сияқты тарихымыздың оң және теріс жақтары бар емес пе?!

Бірінші оңнан бастайын... Маған ұнайтын сақтар, ғұндар, қаңлылар, үйсіндердің мәдениеті, тарихы, қандай керемет! Мәселен, Алтын киімді адамды теңдессіз дүние, материалдық мәдениетіміздің ең асыл маржаны деп мақтанамын. Және бұл Алтын киімді адамның саны қазіргі таңда бесеуге жетті. Бұл - ежелгі Қазақстан тарихы үшін баға жетпес, теңдессіз дүние! Ғұн тайпаларына келетін болсақ, ғұндардың Еуропаға жылжуы «Халықтардың ұлы қоныс аудару процесі» басталған кезеңі емес пе?! Дүние жүзі тарихында ескі қоғамдық құрылысты, құлиеленушілік қоғамдық құрылысты жойып, жаңа қоғамдық құрылыстың, яғни, феодалдық қоғамдық құрылыстың басталуын тездетті. Мөде мен Еділдің ерлігі аңызға бергісіз, ғажайып тарихи тұлғалар екені белгілі. Қаңлылар орта ғасырлардағы қала мәдениетінің басталуына негіз болды. Үйсіндер тарихындағы мен ең қызығатын дүние - үлкен, орта, кіші обалар болып әлеуметтік жағдайларына қарай жіктелетіні, құрылысы адамды таң қалдырарлықтай керемет дүние.


Күлтегін мен Тоныкөк өз есімдерімен тасқа қашалып жазылған жәдігерлер - түріктердің рухани мәдениетінің ең жоғары деңгейде тұрғанын, әдебиетіміздің асыл маржаны екенін көрсетіп тұрған жоқ па?! Ахмет Иүгенекидің «Ақиқат сыйы», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Махмұд Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» арқылы бізге аңыз емес, ақиқат болып жеткен Ұлы дала тарихы - Мәңгілік Ел тарихы емес пе?! Түркістан, Тараз, Отырар, киелі Жетісу жері - бүгінде қазақ тарихының айшықты ірі куәгерлері. Ақ Орда мемлекетінің өмір сүруі, Барақтың ұрпақтары Керей мен Жәнібектің Жетісу жерінде Қазақ хандығының Ордасын құруы, бүгінгі ҚР тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың резиденциясының Ақ Орда деп аталуы үлкен тарихи сабақтастық емес пе?! Үш жүздің ентаңбалары «Таңбалы Нұрада» қашалып жазылған ғажайып, баға жетпес, рухани байлық екені баршаға аян. Қасым ханның- қасқа жолы, «Есім ханның- Ескі жолы», Хақназардың - хақ жолы, Абылайдың- ақ жолы, Нұрсұлтанның «Нұрлы жолы» арқылы

жалғасын тапқан бұл - Мәңгілік Ел тарихы. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билеріміздің әділ төрелігі арқылы келген Тәуелсіздік - қазақ даласы демократиясының алтын қазығы деуге болады. Оған дәлел, біз - үш қазығымыз- үш бидің, сөз қадірін түсінетін, Ұлы даланың жомарт, кең пейілді, дархан мінезді ұрпағымыз. Сонымен қатар, біз - Ұлтымыз- қазақ, Ұранымыз- Алаш, Үш жүздің ұрпағы екенімізді мақтан тұтатын, өресі биік, тарихы тағылымды, Мәңгілік елдің ұрпағымыз.

Теріс жақтарына келетін болсақ, Ресей империясына кіргеннен кейінгі қазақ тарихының бет- бейнесін жоғалтқаны тарихи шындық. Әбілқайырдың Ресей Империясына кіруі қазақтың бодан болуының басы емес пе?! Одан кейінгі Орта жүздің кіруі, 1822-1824 жылғы реформалардың жүруі, қазақты өз шеңгелінде мықтап ұстаған, орыстың оспадар саясатының ортасы болатын. 1867-1868 жылдардағы реформалардың бүкіл Қазақстанды қамтуы, Ресей бодандығын толық мойындағандығының дәлелі емес пе?! Дербестікті аңсаған ұлт- қайраткерлері дүркін- дүркін ұлт- азаттық көтерілісті ұйымдастыра білді, бірақ олар өз мақсаттарына жете алмады. Оған түрлі себептер жетерлік. Қазақтарды қырғыз деп, үшінші ұлт ретінде көруі, әрине, намысты оятатын тарихи айғақ екені анық. Тіліміздің отбасы ошақ қасы болып қалуы, әлі күнге өз мәртебесін толық ала алмауы - бодандық саясаттың жемісі деп білемін.

Бұлттың артынан күн шығатыны белгілі. Біз Қазақ бодан болып қалған жоқпыз, біз - Ұлы даланың еркін, дербестікті жақсы көретін, Жұбан атамыз айтқандай «Мың өліп, мың тірілген», Мәңгілік Елдің ұрпағымыз. «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ... Бізге бабалар тұлпарларының тұяғымен жазылған ата тарихының әр парағы ерекше қымбат. Қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны оны әрдайым орында мақтан ететін болады», - деген Елбасымыздың сөздері қазақ тарихының қаншалықты қымбат екенін дәлелдеп тұр.

**Темірбек ҚАПАНОВ,
Ғ.Қайырбеков атындағы
№ 9 орта мектебінің 11-сынып
оқушысы.
Қостанай қаласы.**



Тарихқа тағзым сапары

Өткен жылы елімізде Ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл толуына орай түрлі іс-шара және рухани маңызға ие жиындар мен тарихи конференциялар көптеп өткізілді. Мемлекеттік тапсырмамен ұйымдастырылғандары бір бөлек, ынталы азаматтардың атқарған ісі бір бөлек. Бірақ, мақсаты ортақ. Ол – қазақ халқының тарихи оқиғасын лайықты түрде атап өту. Бастысы, тарихқа тағзым, бабаға құрмет. Түптеп келгенде ұлт мұрасы мен ұлы тұлғаларды дәріптеу. Осы бағытта еріктілерден құралған «Torgau expedition» тобы үлкен іске бел буған болатын. Топ бастамашыларының ұсынысымен «Өр Торғай – ерлік мекені» экспедициясы жасақталды. Мұны ұйымдастырушылар: Жомарт Түбекбаев пен Мейрам Айдаболов, Біржан Мешелов сынды азаматтар. Ал Нұрдәулет Әкімжанов, Нұрлан Сапаров, Мирас Тәжитдинов, Сәбит Шакаев, Мирдос Әлімжанов, Абылай Медеубаев есімді белсенділер экспедицияның лайықты жұмыс атқаруына барын салды. Сондай-ақ, тарих ғылымдарының кандидаты, ғалым Құрманғали Дәркенов, белгілі оюшы, өлкетанушы, «Бүкіләлемдік Шыңғысхан академиясының» құрметті академигі Шөптібай Байділдин, Құлсейіт Туғанбай, дәрігер маман, «ТұранТВ» арнасының бағдарлама директоры Алтын Мейрамғалиева, операторы Жасұлан Үмбетбаев, «Қазақпарат» агенттігінің тілшісі Бақытжол Көкеш мырзалар топ құрамын толықтырған болатын. Олардың қатарында жерлесіміз, ақын, журналист Абылай Мауданов та болып қайтты. Айтпақшы, бұл азамат бірнеше күн бұрын Л.Н.Толстой атындағы ОӘФК-да өзінің экспедициямен жүріп өткен тарихи сапары жайындағы әсері жайлы ықшамдалған «Өр Торғай – ерлік мекені» атты кітабының таныстырылымын өткізді. Орайы келген тұста автормен ұлт-азаттық көтерілісін негізге ала отырып сұқбаттасып үлгерген едік.

-Абылай Фазылханұлы, бұл экспедиция Астанадан бастау алып отыр екен. Ал сіз мұнда қалай іліктіңіз?

-Ең алғаш Жомарт Түбекбаев атты азамат экспедиция жасақталып жатқанын айтып хабарласып, «қатысуға уақытың бола ма?» деп сұрады. Ойланбастан келістім. Қостанайдан таңдаудың маған түсуіне әлеуметтік желілерде жариялап жүрген жазбаларымның тарихи тақырыптармен үндестігі себеп болды деп ойлаймын. Мен қосылған уақытта ұйымдастыру жұмыстары еңсеріліп қалған екен. Біржан Мешеловпен бірлесе отырып, ақпарат тарату, баспасөз мәлімдемесін жасау ісімен айналыстым.

-Экспедиция нақты қандай істерді атқарды? Көздеген мақсатарыңыз туралы тарқатсаңыз?

-Баршаға белгілі, 1916 жылы «июнь жарлығынан» кейін Қазақ даласы патшаға қарсы шығып, соңы қарулы қақтығысқа ұласты. Еліміздің әр түпкірінде халық бас көтерді. Соның ішінде Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің орны ерекше. Ол туралы көп айтылса да, аз зерттелді. Бағасы өділ берілген жоқ. Тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойлап жатқанда,

азаттық жолындағы осы бір арпалысты, Елдік үшін жан берген ерлерді ескерусіз қалдыруға бола ма?! «Өр Торғай – Ерлік мекені» экспедициясының діттегені – ең алдымен батыр бабалар рухына тағзым ету, тарихымызды азат елдің көзқарасы тұрғысынан сараптау еді.

Ал нақты қандай істерді атқарды дегенге келсек, Кейкі батырдың туған жері мен Әбдіғапар ханның қаны төгілген жерге белгі қойылды. Мысалы, халық Кейкі мерген шаһид кешкен Жалаулыны біледі. Ал, оның кіндік қаны тамған Байтума екенін кім ескерді? Қазір Кейкіге күллі елдің назары ауып отыр. Батырдың туған жері қайда деп қызығушылық танытқандарға енді бағдар бар. Зәуре қопасына жолы түскендер де Әбдіғапардың рухына тағзым етпей өтпесі анық. Бұл тағзылымдық мәні зор іс және оның бәрі жазарыда айтылған азаматтардың қаржысына істелді.

-Мұның бәрі Ұлы Жыланшық бойында жатыр ғой. Сіздер Ұлытау өлкесіне де бардыңыздар?

-Ұлы Жыланшық пен Ұлытау ежелден қоңсы мекен. Біздің барған жеріміз - Дулығалы мешіті. Бұл нысанның бірнеше атауы бар, жергілікті халық Терісбұтақ мешіті, Бердікей мешіті, Құлмұхаммед ишан мешіті деп те атайды. Мен соның ішінде Дулығалы деген атауға тоқталғанды жөн көрдім. Биіктігі екі қабат үйдей, сырты қызыл кірпіштен өрілген, тоғыз күмбезді мешіттің құрылысы 1906 жылы аяқталған екен. Қазір елсізде қалғанымен заманында Орталық Қазақстандағы ең ірі руханият ордаларының бірі болған. Өзен аңғарына салынған мешіттің күмбезінен шыққан таңғы азан дауысы Айыркұм, Аққұмға дейін жетіп, ат жетер жердегі мұсылман жұма намазын осында оқыпты. Оны салдырған Қыпшақ ішінде Бердікей руынан шыққан Құлмұхаммед (Қалмағанбет) ишан. Халық бұл тұқымды «ишандар өулеті» деп атаған. Қан жазынан ишандар Амангелді батырға нағашы. Батыр бала күнінде Дулығалы медресесінде діни білім алған деседі. Міне, осы орында 1916 жылы халық жиналып, Амангелдіні сардар сайлап, «бозқасқаға» қошқар сойған. Сол қошқардың бассүйегімен қоса, сарбаздар жазалаушы өскердің бетін қайтарып, жеңіс тойын тойлағанда сойылған «бозқасқаның» басы Құлмұхаммед ишан мен оның немересі Қазы ишанның кесенесінде сақтаулы тұр. (Екі ишан бір мазарға жерленген).

Біз барған уақыт құрбан айт мерекесіне тұспа-тұс келді. Араға жүз жыл салып Дулығалы мешітінде құрбандық шалынып, сойылған ірі-қараның басы әлгі екі бастың қатарына қойылды. Бабаларымыз азаттық үшін бұлқынып, тәуекел жолында тізе қосса, біздің тәуелсіздік тойында төбеміз мүйісіпті. Бұған неге тәубе демеске?!

Қарағанды облысынан М.Төрегелдиев атындағы Жезді мұражайының директоры Зейпін Зікірқызы бастаған жиыны алпысқа тарта адам келіп, Дулығалы басында үлкен тағылымды сұхбат өрбіді. Екі облыстың тұрғындарының тонның ішкі бауындай аралас-құралас болуына Жомарт Түбекбайұлының

ықпалы зор екенін айту парыз. Ұлытау тағылымы «Өр Торғай – Ерлік мекені» кітабында кеңірек айтылды. Бәрін таратуға сұхбат көлемі көтермейді.

-Тарихи мекеннің тұрғындары, яғни тұрғылықты халықтың көзқарасы мен танымы жайлы сөз ете аласыз ба?

-Өкініштісі, қазір өткеннің шежіресін білетін көрікұлақ қарттар аз. Дегенмен, жұртшылық экспедициямызға құрметпен қарады. Екі жарым мың шақырым жол жүріп, отыздан астам нысанға бардық. Жолай соққан елдімекендер ерекше ықыласпен қарсы алып жатты. Арқалық, Амангелді, Үрпек, Көкалат ауылында, Татыр бойында, Торғайда да ықыласпен қарсы алды. Татырдың жағасында Сарысу мен Тәуіш ауылының тұрғындары өзірлеген ерекше қойылымды тамашаладық. Мұның бәрі аталған кітапта баяндалады.

-Сапар барысында сізді таңғалдырған нәрселер болды ма?

-Әрине... Мысалға, Ұлы Жыланшық бойы үлкен өркениеттің бесігі болған. Қазіргідей қаңырап жатпаған. Сол Жыланшық бойында қызыл кірпіштен салынған күмбезді кесенелер көптеп кездеседі. Бізге бұрын «Ұлы Октябрьге дейін қазақтар босып, тозып, киіз үймен жүрді, құрылыс жүргізу қолынан келмеді» деп оқытты ғой. Жоқ, олай емес екен! Оған куә 19 ғасырда қаланған тамдар мен үйлер. Олардың кесектерінің сапасы мықтылығымен таңғалдырады. Нысандардың архитектурасы да, кірпіштерінің көлемі де бөлек. Сыры кетсе де сыны көтпеген. 19 ғасырда бой көтерген Әйкісінің Асанының мазары әлі тұр. Сонымен шамалас Шашамбайдың Рахметінің 28 бөлмелі қызыл үйі қолдан бұзылған, бірақ, кірпіштері қалған. Көкөлеңдегі Жанбосын мешітінің қабырғалары да құламаған. Соның бәрін өзіміздің қазақтар салған ғой. Демек, қазақ құрылыс пен архитектураны жақсы меңгерген. Тек тұрмысына сай ата-бабамыз үй салуға аса құлқы болмаған, қыстауына ғана мешіт тұрғызған. Әйтпесе, біз кездестірген мазарларды салған адам үй де соға алады ғой. Сырлы там, Жошының мазары сияқты орта ғасырдағы нысандарға бара алмасақ та, біз жүріп өткен жердегі бейіттер солардың архитектуралық үлгілерін негізге алғанын топшылау қиын емес. Әрбір мазардың қасында кірпіш дайындаған дала зауыттарының орны жатыр.

Сондай-ақ, Кейкінің туған жері Байтуманың топырағының тастай қаттылығына таңғалдым. Сүймен батпай, тіпті жуандығы білектей бұрғының өзін үзіп жіберді. Ал, одан қозы көш жердегі Әбдіғапар атылған Зәуре қопасының топырағы жұп-жұмсақ. «Әбдіғапар ханға қойылатын ескерткіш тез, сапалы істелді. Кейкінің тақтасына көп қиналды» деп еске алды ұйымдастырушылардың бірі Біржан Мешелов. Осы қаттылықта бір тылсым бар сияқты. Кейкінің тағдыры да тым қатты болды ғой...

-Қанша дегенмен ұзақ сапар. Жол азабын көрген жоқсыздар ма?

-Иә, біз жүрген жолдар бөлен жылдап жан баспаған иен дала ғой. Дегенмен бабалар рухы демеген шығар, қуатты көліктеріміз қиындық көрсеткен жоқ. Бұл енді жолбасшымыз Жомарт Түбекбайұлының тыңғылықты дайындығының арқасы. Әр минут

есептеулі болды. Өзім өмірімде бірінші рет далада, шатырда түнедім осы сапарда. Әсері ерекше.

-Тарихи оқиғалар мен кейіпкерлерін таныта түсу үшін біраз жұмыс істегендеріңіз түсінікті. Сіздің ойыңызша, тарихи жәдігерлер мен құндылықтарымызды сақтау мен дәріптеуде жетіспей жатқан дүниелерге нені жатқыза аласыз?

-Ол жайлы кесіп айту қиынырақ... Қарағанды облысында мемлекеттік қорғауға алынған мың жарымнан астам тарихи нысан бар екен. Біздің облыста қанша екенін білмеймін. Іздеп, зерттесе, Қостанай облысы аумағында небір дүниелердің назардан тыс жатқаны анық. Бұл бөлек тақырып.

-Сонымен, көтеріліс тарихына оралайық. Кеңестік оқулықтар, әдебиеттердің жазғанымен келісуге бола ма?

-Кеңестік саясат тарихты барынша бұрмалады. Өкініштісі, соған әлі де сенетін адамдардың қарасы қалың. Ал, мен азат көзқарасымды айтайын. Ең біріншіден, көтеріліске тек қана кедейлер шыққан жоқ. Бұл жерде байлар, дін өкілдері, ел басқарып отырған билеушілер, яғни, халықтың барлық буыны үлес қосты. Нағыз ұлт-азаттық көтеріліс сипат алды. Міне, біз осыған баса назар аудардық.

Сондай-ақ, көтерілісшілер жазалаушылардан жеңілген жоқ. Көтеріліс жеңілу үшін оның көсемдері ұсталып, әскері тарап кетуі керек ғой. Басқа өлкелердегі бұлғақ жанышталса да, Торғайдағы ұлт-азаттық көтеріліс өр рухын сақтап қалды. Сегіз ай бойы табанды шайқас жүрді. Көсемдері соғысқан жауынан жеңілген жоқ. Сарбаздар үнемі патша әскерін кері шегіндіріп отырды. Сондай-ақ, Ресей үкіметі жойып жіберген хандық билікті, мемлекеттіліктің нышанын қалпына келтірді. Бұл сонау Сақтар мен Шыңғысхан заманынан жалғасқан рухтың қайта оянуы емес деп кім айтар?!

Ел аузындағы деректерде Торғай көтерілісіне елу мыңға дейін қол жиналды дегенді айтады. Соның он бес мыңы майданға қатысқан, қалғаны шаруашылық мақсаттарда жұмыс атқарған.

Кинодан көргеніне сеніп, Амангелді батырды «большевиктік идея үшін қан төгіп, қызыл ту көтеріп соғысты» деп ойлайтын адамдар әлі де жеткілікті. Көзді ашып қарасаңыз, 1916 жылы Кеңес үкіметі атымен жоқ еді ғой. Ұлы Дала ұландары «не өмір, не өлім деп» тәуекелге бас тікті. Біріксе жеңе алатынын көрсетті. Өйткені, біздерді бұратана санаған патша билігінде, әбден ішіп-шіріген империяда өмір сүруде мағына қалмаған еді. Ал, байрақ мәселесіне келсек, Амангелді мен Әбдіғапар шұбар ту ұстаса, алты болыс арғын ақ ту көтеріп шыққан. Нұрхан Ахметбековтың «Амангелді» дастанында шұбар ту Әбдіғапардың атасының туы деп айтады. Айтса айтқандай, Әбдіғапар Абылай ханның заманда-сы «Хан Нияз» атанған белгілі тұлғаның ұрпағы ғой. Амангелді - Кенесарының батыры Иманның бел немересі. Олардың бойындағы патшаға деген өшпенділіктің қанмен берілгенін осыдан-ақ аңғара беріңіз.

-Көтерілістің көпшілік біле бермейтін тұлғалары кімдер?

-Ондай тұлғалар көп. Мысалы, Тоқпан Бектастың Бірәлісі деген бай өткен. Жасақтарға ат беріп, әскер жабдығын көтерген азаматтардың бірегейі. Баласы

Сұлтан Амангелдіге хатшы болған. Кеңес үкіметін орнатуға қосқан үлесі зор. Ондай байлар ондап саналған. Атақты Иманқұлдың Әбдірахманының өзі неге тұрады? Татыр шайқасын басқарған Карбоз Қабақұлын еске алмаймыз. Қосжан Маңыбайұлы сынды ауқатты кісі жазалаушылармен ақтық демі қалғанша арпалысып, жау қолынан қаза тапқан. Әйгілі Оспан қожа Торғайды шабуға аттанған сарбаздарды батасымен демеген. Өкінішке қарай, Кеңес үкіметі кезінде байлар мен діндарлар көп-көреңге шеттетілді, алалауға ұшырады. Амангелді айтылса, Әбдіғаппар, Кейкі ауызға ілінбеді. Оспан хан, Қасымхан сардар да жуан тұқымнан шыққаны үшін саясатқа қырын келді. Одан өзге де қаншама батырлар бар. Біздің мақсатымыз тек Амангелдіні ғана ұлықтау емес, соның айналасында ескерілмей қалған тұлғаларды баса насихаттау еді. Өйткені, олар ұмытылып барады. Торғай әуелден азаттық күресінің Отаны. Мысалы, Сары Қошқар мен Иман Жәуке, Шөкір батырлар Кеңесарыны қолдап, отаршыл үкіметпен соғысты. Шөкір батыр жайлы Нысанбай жырауда да, Мұхамеджан Сералин мен Нұрхан Ахметбековте де айтылады. Бірақ, ел оны біле бермейді. Сапар барысында Сары Қошқар мен Шөкір батырдың зиратына соғып, дұға бағыштадық.

Экспедиция құрамында кәсіби тарихшы Құрманғали Дөркенов барған жерімізге қатысты құжатта бар, нақты-нақты деректермен бөлісіп, айтып отырды.

-Жалпы, сіздің ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбындағы қаламгерлік тәжірибеңіз қаншалықты?

-Мен бұл тақырыпта осыдан үш-төрт жыл бұрын Кейкі батыр туралы спектакль жазған едім. Қазір елдің бәрі Кейкі деп даурығып жатыр. Дүрмекке еруді жаным қаламағасын қазір үндемей отырмын. Әйтпесе, өзекті тақырып.

-Оқырман қауым қалай қабылдағаны қызық болып отыр?

-Кез келген адам мұндай тақырыпқа дайындықпен келеді ғой... Мен мұны ең алғашқыда көпшілікке жариялаған жоқпын. Драма жазуға тәжірибем де аз, оның үстіне бас-аяғы екі-үш күнде аяқтадым. Көкейімде жүргендіктен де болар тез жазылды. Сосын оны қанша дегенмен маман ғой деп, Думан Рамазан деген жазушыға Ғанибет Ғалымбекұлы арқылы табыстадым. Ол кісі «жақсы екен, мықты...» деп баға беріпті. Одан соң Арқалық театрының әртістеріне ұсындым. Олар алғашқыда қызығушылық білдіргенімен, кейін сөз үзіліп қалды. Туынды жақында облыстық «Қостанай таңы» газетінің сайтында жарияланды. Біраз кісілер соған байланысты жекеме хабарласып, жақсы баға берді. Берікхан Төкенов деген азамат «нағыз киноға сұранып тұрған дүние екен, түбі кино түсірсек?» деп ынта білдірген болатын...

-Туындыңыздың тарихи нақтылығы қаншалықты?

Кейкіге байланысты дерек аз. Туған жылын айтпағанда қайтқан уақытын әркім әртүрлі айтты. Жалпы, қазақтың тарихы өте бір шетін мәселе. Ауызша жеткен нәрсені әркім өзіне қарай бұрып өкететін тұстар жетерлік.

-Ал сіздің пьесаңыз қандай бағыт алып еді?

-«Кейкі неге жау атанды?». Осы сұраққа жауап іздедім. Ол оңай екен. Амангелді мен Әбдіғаппар өлді, Әліби алыста. Қасында ақыл беретін Алаш көсемдері де жоқ. Кейкі жалғыз қалып қойды да адасуы басталды. Оның түбіне шибәрілер жетті. Мергенге уақытында саяси бағдар беретін адам болған жоқ. Әйтпесе Кейкі Кеңеске жау емес еді.

Әбден үкімі шығып, өзі орнатқан үкіметке жау атанған Кейкі Сазан Шошай деген кісіні ақ киізге көтеріп, хан сайлаған. Бұл «мен қарақшы емеспін» дегені болса керек батырдың. Өзі сауатсыз адам, Амангелді, Әбдіғаппардан көргенін істегені ғой. Бірақ, ол кезде Кеңес үкіметі толық орнап болған. Сондықтан да Кейкіге ешкім ермеді. Ергендер оққа ұшты. Сардарынан айрылған сарбаз сары дала-ны сарбауыр етіп жүріп опат болды. Мен таңдауы қалмаған Кейкіні, торға түскен арлан рухты көрсетуге ұмтылдым. Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалын» темірқазық етіп ұстандым.

-Торғай өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты немесе кейіпкерлерінің өмірінен алынған туындылар, шығармалар, жалпы материалдарды ең көп және нақты жеткізе білген тұлғалардан кімді атайсыз?

-Ең алдыммен, Бөгетбай Әлмағанбетов ақсақалды айту керек. Өйткені, ол кісі сарбаздарды көзімен көрді. Зердесі де мықты жан, бәрін хатқа түсіре білген. Мақан Жұмағұловтың (орысшасын оқыдым, өте түсінікті) «Қыран қазасы қияда» деген кітабы да шындықты баяндаған. Ақан Нұрмановты ерекше айту керек. Әубөкір Қылышбайұлы ақсақалдың Кейкіге байланысты айтқандары да шындық. Бұл кісінің әкесі Кейкіге туыс, үзеңгілес жүрген. Мұхтар Ходенов, Шөптібай Бөйділда, Хамитбек Мұсабаевтар да тұрақты қалам сілтеп жүр.

-Бүгінгі таңда толыққанды тарихи оқиғаларды, тарихи кейіпкерлерімізді, батыр бабаларымызды дәріптей алып жүрміз бе? Немесе бұл қаншалықты дұрыс: көнені қазбалай бергеннен, жаңаға ұмтылуымыз қажет деген сияқты пікірлер жиі айтылып жатады.

-Бәрін зерттеуге мүмкін, уақыт та, қызығушылық та жоқ шығар. Бірақ, қателікті түзуге болады ғой. Амангелдіге, Әбдіғаппарға, Кейкіге қатысты... Қазір Кейкіге елдің назары ауғаннан кейін оны көкке көтеріп, сол арқылы Амангелдіні көлеңкеде қалдыруға тырысатын ниет байқалады. Онда шындық қайда қалады? Қалай көтермелесек де, Кейкі мерген, жанкешті жауынгер. Әскери дәрежесі - шолғыншы, жасақ басшысы. Ал, Амангелді күллі әскердің сардары, Әбдіғаппар бүкіл елдің ханы. Кейкі жанда жоқ мергендігімен, батыр, өжеттігімен аңызға айналды. Тіпті «Құланның ажалын» оқымаған, Бөгетбай Әлмағанбетов, Қылышбайұлы Әубөкір, Мақан Жұмағұловты білмейтін адамдар Кейкі деп шулағанын көргенде, еріксіз езу тартасың. Біз кейде біреуге ықыласымыз ауып кетсе, көкке көтеріміз, сол арқылы, екінші тұлғаны төмендетуге ынтығып тұрамыз. Әйтпесе, сол кездегі тұлғалардың барлығы «қайтсем халықты жарыққа шығармын» деп ұмтылды ғой.

-Сіз тарихшы емессіз. Бірақ, қысқаша ғана айтып өтіңізші, кейбір қаламгерлер Амангелді Имановқа «қолдан жасалған» батыр деген сияқты

ұғыммен қарайды. Сіздің көзқарасыңыз.

-Тарихшы Құрғанғали Дәркеновтың айтуынша, түрлі мұрағаттарда көтеріліске қатысты 8 мың дерек болса, тек ғана Амангелдіге қатысты 2 мыңдай құжат бар екен. Егер Амангелді шын мәнінде тарихи тұлға болмаса мұнша дереккөз қалар ма еді?

Амангелді Иманов - менің түсінігімде нағыз ұлт батыры. Тарих тудырған тұлға. Қабілетті қолбасшы, мықты ұйымдастырушы. Кеңес үкіметі орнағанда «отаршыл патша билігі жойылады. Оның орнына еңбекші халықтың үкіметі, әлеуметтік теңдікке орнайды!» деп ұрандатты. Бұл сол кездегі халық үшін ең басты керек нәрсе еді. Қалт-құлт еткен малға ғана сүйенген, халқының дені сауатсыз, өндіріс, әскері жоқ халық қалай бірден мемлекет болып кете алады? Осындай жағдайдағы елге белгілі бір мемлекеттік тәртіп қажет ғой. Ол Кеңес үкіметі деп сенді бәрі. Торғай даласын өз күшімен жаудан азат етіп, патшаның билігін жойған Амангелді біреуге барып еркімен бас еді дегенге кім сенеді? Оның ойы жаңа орнап жатқан үкіметпен бірге селбесіп, халықтың тұрмысын жақсарту болды деп ойлаймын. Оның үстіне Алаш көшбасшылары «көтеріліс жылдары ел үшін деп басын бөйгеге тіккен батырға «талауға түскен байлардың малын халықтан жинап бер» деп жөңсіз талап қойып, өшіктіріп алды. Егер, Амангелді батыр 1919 жылы өліп қалмағанда, 1929-1932 жылы бәрібір халықты бастап, Кеңес үкіметіне қарсы көтерілер еді. Небір көтерілістер болған ғой. Амангелдінің «бақыты» «уақытында өліп қалғаны». Тірі болған жағдайда қиянатшыл үкіметке бәрібір жау болып шығатын еді.

Ғ.Мүсіреповтің: «1914 жылдары Амангелді патшаның кіріс-шығысын қойын дәптеріне жазып жүрген. Сол кездің өзінде осы патшаны қай жағынан айналдырсам деп ойлап жүрсе керек» деген жазбасы бар екен. Сондықтан ол отаршылдық саясатты сезінген тұлға, батыр және де көзі ашық кісі болған деп есептеймін. Оны осы тұрғыда бағалауымыз керек. Амангелдіге Кеңестік саясаттың бояуы баттастырыла жағылды. Шұбар ту ұстап соғысқан Сардарға қызыл ту ұстатып қойды. Батыр екінші жұбайы Балымға 1918 жылы үйленген. Кинода соғыс кезінде қасында әйелі

Балым би билеп жүреді. Соның бәрін біз білмейміз де «өйткен-бүйткен» деп бөтеннің сойылын соғып жүрміз. Өкінішті. Азат көзқарастың қажеттілігі де осында. Тәуелсіздік – бір күнде орнаған игілік емес. Кеңес үкіметі құрылғанда автономия болдық, 1936 жылы одақтас республика атандық, соның арқасында 1991 жылы дербестікке қол жетті. Эволюциялық жолмен келдік.

-Сіздің осы бір тарихи тақырыптағы жолсапар очеркіңізге жұртшылық қалай баға берді?

-Жанболат, өзің білетіндей мен тарихшы емеспін. Ең қиын нәрсе - тарихи тақырыпта жазу. Өйткені түрлі ретсіз сөздер көбейеді. Осы мақала шыққаннан кейін («Өр Торғай – ерлік мекені» кітабы жайлы.ред.автор) Балым «Тағзышы руынан екен, оны сен қайдан алып Найман қылып қойғансың» дегендер болды.

Сондықтан очерк жазу қылдан май суырғандай ептілікті қажет етті. Барынша қате жібермеуге тырыстым. Бөгетбай, Қылышбай ақсақалдардың, басқа да жергілікті кісілердің материалдарын негізге алдым. Әдебиет, энциклопедияларды ақтардым. Қазір әр ауылдың ақсақалдары шежіре жазып жатыр. Бұрындары мен мұны керек емес деп ойлаушы едім, қажет үрдіс екен. Олардың әдеби құндылығы төмен шығар, бірақ, өлке тарихына қатысты небір деректер табуға болады. Ұлт деген де адамдардан құралады емес пе, ендеше, әулет тарихы – ұлт тарихының бір тамыры.

«Өр Торғай – ерлік мекені» - балаларға арналған дәуге де болады. Тіл байлығымды көрсетіп қолдан қиындатуды емес, жеңіл жазуға тырыстым. Өсіп келе жатқан ұрпаққа дұрыс бағыт беруді көздедім. Әйтпесе, күллі көтеріліс тарихын зерттеп жазып шығуға менің мүмкіндігім жетпес еді деп ойлаймын. Жазғанмен оны ешкім оқымас еді.

-Еңбегіңіз жастардың тарихи қызығушылығын оятатын, бағыт беретін тиімді нұсқаулық болады деген ойдамыз.

**Сұқбаттасқан Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ГӨФ журналистика мамандығының
4-курс студенті.**



Жігіттің жеті бақыты

Данышпан қариялардан естігенінен және көргенінен түйгені мол ақылды әкесі мен иманды анасы мөпелеп өсірген тәрбиелі, өнерлі, мінезі жібектей жұмсақ, ниеті ақ, жүрегі мейірімді, пейілі кең, тал бойында бір мін жоқ, көркіне ақылы сай айдай сұлу жас қазақ қызы өзіне ғашық болған қазақ жігіттің сөзін жерге тастамай, жары болуға келісім берсе, бұл жігіттің бірінші бақыты.

Бірін - бірі сүйіп қосылған екі жастың қуаныштары баянды болып, жаңадан шаңырақ көтерген жастар бақытты және үлгілі жанұялардың қатарына қосылып, мөпелеп баққан ата - аналарының үміттерін ақтаулары үшін қыз бен жігіт өздеріне қойылатын негізгі талаптарды білулері және мүлтіксіз орындаулары тиіс. Бабаларымыздан ұрпағына мұра болып қалған қазақтың ұлттық рухани құндылықтары мен ғасырлар елегінен өткен ұлттық озық әдет- ғұрыптарға сүйене отырып құрастырылған және күйеуге шыққан келіншекке арналған талаптарға тоқталайын.

Сүйген жігітіне күйеуге шыққалы жатқан қазақтың бойжеткен қызы басталғалы тұрған отбасылық өмірде өзін күтіп тұрған көптеген сынақтардан (күйеуіне жақсы келіншек болып, жар сүю ләззатын, бала сүйіп, әке атану бақытын сыйлау, отағасы ретінде күйеуін құрметтеп, айтқандарын бұлжытпай орындау, қайын атасы мен енесіне немере сүйіп, ата мен әже атану бақытын сыйлау, иіліп төсек, жатып жастық болып, қайын атасы мен енесін құрметтеуден шаршамай, талап – тілектерін екі айтқызбай орындаудың арқасында қайын жұртқа жақсы келін атану, қайынылары мен қайын сіңілілеріне туған әпкесіндей қамқор болу арқылы жақсы жеңге атану, болашақта қайын атасы мен енесін қартайғанда өз баласындай мөпелеп бағу, қариялардың шын ниетпен берген ақ батасын алу) абыроймен сүрінбей өтуге дайын болуы тиіс.

Мөпелеп өсірген анасы мен асырап баққан әкесінің үміттерін ақтап, сүйікті ата - анасының алдындағы сәби парызын абыроймен өтеуді ойлайтын ақылды жігіт болашақ жарын «келіннің парыздарын» бұлжытпай орындауға дайын және он екіде бір гүлі ашылмаған иманды, көрікті, адамгершілігі мол, дені сау үлбіреген жас қазақ қыздарының арасынан ғана іздестіріп, солардың ішінен көпті көрген данышпан әжелеріміздің сынақтарынан сүрінбей өтіп, ақ батасын алған және текті жерден шыққан бойжеткенді таңдаса және екі жасты жаратушы Раббымыз қолдаса, сонда ғана бірін - бірі сүйіп қосылған жас жігіт пен бойжеткен қыздың бақытты және үлгілі отбасы болуларына мүмкіндіктері өте мол.



Жас келіншек сүйіп қосылған күйеуін отағасы ретінде құрметтеп, ағасындай сыйласа, өзінен жоғары ұстаса, жанұялық өмірдің әртүрлі қиыншылықтарынан сүрінбей өтсе, өзі келін боп түскен киелі шаңырақтың абыройы мен беделін биікке көтеріп, күйеуіне жақсы келіншек болса, бұл жігіттің екінші бақыты.

Ақ жаулықты әжелеріміз өз үйіндегі отағасы ақ сақалды аталарымызды ерекше құрметтеп, сыйлайтынын бала кезімізде көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп өстік. Менің әке - шешем тұрған ауылда бастауыш мектеп қана болғандықтан, бесінші кластан бастап жетінші класқа дейін Махатов Әбдіхалық ағай мен Рахима апайдың үйінде жатып, Аманкелді ауданындағы Жасбуын орта мектебінде оқыдым. Ағай мен апайдың үйінде екі жыл бойы тұрғанда сол кісілердің бірінің атын екіншісі атамайтындарына, бірін – бірі аса құрметтеп, өте сыпайы сөйлесетіндеріне үнемі таң қалатынмын. Тағы бір байқағаным, ағай мен апай ешбір адамға дауыс көтеріп қатты сөйлемейтін және мәдениетті түрде сөйлесетін. Рахима апайдың күйеуі Әбдіхалық ағайды ерекше

сыйлауының басты себебі қыз баланы жас кезінен «от ағасын әкесіндей сыйлау текті жерден шыққан қазақ қызының негізгі парызы» екенін үйреткен дана әжелеріміздің өнегелі тәрбиесінің жемісі екенін уақыт өте келе түсіндім. Кеңес заманында өмір сүрген аналарымыз тұрмыстың ерекше ауырлығына, ішетін тамақ пен киетін киімнің өте тапшылығына қарамастан, мүлде қабат шытпай, күйеулерін пайғамбардай сыйлайтын, патшадай құрметтейтін. Сонымен қоса, шаршап жүргенін көрсетпей, шиеттей бала - шағасын, тек мейірім ғана төгіп, аш қалдырмай асырайтын, мектепте оқытып, өнегелі тәрбие беретін, жоғары білім әперіп, дүркіретіп той жасап үйлендіретін. Бүгінгі «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған, қайдан тамақ ішемің, қандай киім киемің» -деп уайымдамайтын тоқшылық заманда өмір сүріп жатқан кейбір қазақ келіншектері өзін асырап отырған күйеуін мүлде сыйламайтынын, тапқан бір-екі баласын пұлдап, күйеуінен бриллиант пен құндыз тоң, автомобиль мен зәулім үй секілді өте қымбат сыйлықтарды, жаратушы Раббымыздан қорықпай және ағайыннан мүлде ұялмай, талап ететіндерін естігенде «қарыны тоқтық, уайымы жоқтық, аздырар адам баласын» - деген ұлағатты сөзді данышпан бабамыз Абайдың қаншалықты дәл айтқанына таң қалудан басқа амалың қалмайды.

Сүйіп қосылған әйелі денсаулығы жақсы және ақылды ұлдар мен қыздарды жарық дүниеге әкеліп, от ағасына әке болу бақытын сыйласа, бұл жігіттің үшінші бақыты.


Анасы тыным көрмей мәпелеп баққан, ал әкесі өмірге баулыған ұлдары ержеткенде көп жылғы еңбектерінің жемісінің дәмін тататын уақыт, ұзақ жылдар бойы сарыла күткен шешуші күн жақындаған сайын ата-ананың қобалжуы заңды құбылыс. Оқытып, тәрбиелеп және бағып-қағып жеткізген ұлының үйленгенін, жеке отау тігіп, балалы - шағалы болғанын көруді, өзінен туған баласынан да ыстық немерелерін атасы мен әжесі мейірлері қанғанша беттерінен сүйіп, иісеп, еркелетуді және қойындарына жатқызып, өзінің баласындай мәпелеп бағуды, немерелерінің қызықтары мен қуаныштарын баласымен бірге ұзақ жылдар көруді армандайды. Қазақтарда ерте заманнан бері қалыптасқан салт – дәстүр бойынша, ержеткен баласы бар ата-ана ұлына келіншек іздегенде, ұнаған бойжеткеннің анасынан қандай тәлім – тәрбие алғанын және қандай үлгі-өнеге көргенін біліп алған соң, мінезі мен өмірге көзқарасын әңгімелесіп отырып анықтайды да «отбасылық өмірде күтіп тұрған көптеген сындардан сүрінбей өтіп, кәсілімізден шығатын ниеті тау суындай мөлдір сыпайы келін бола ала ма және үміттерімізді ақтайтын немерелеріміздің анасы болуға лайық қыз ба?» - деген өздерін маза-лап жүрген өте маңызды сұрақтарға жауап табуға тырысады. Ержеткен жігіт үйленіп, отау көтеретін уақыт жақындағанда бойжеткен қызды төсек ләззатын алу мақсатында емес, ең негізгі мақсат, осы қызға үйленсем, бабаларымның тектілігі мен сүйікті ата – анамның бойларындағы қадыр

- қасиеттері мен ерекше қабілеттері болашақ балаларыма дарудың арқасында «өнегелі де өнерлі ұлдар мен тәрбиелі қыздар өсірген әке атану бақыты маған бұйыра ма?» - деген мағынасы өте терең сұраққа жауап алу үшін ақылды жігіт болашақ жарын текті жерден шыққан және салт – дәстүріміз бен әдет – ғұрыптарымызды бұлжытпай орындауды өзінің қасиетті парызы санайтын ақылды, сұлу, адамгершілігі мол, мінезі жұмсақ және ұстамды, денсаулығы мықты, өте мәдениетті, жүрегі мейірімді жап - жас қазақ қыздарының арасынан ғана іздестірген.

Жігіттің таңдап алған сүйген жары қайын атасы мен енесін қыздарындай сыйлап, туған әке - шешесіндей құрметтесе, олардың айтқан ақылдары мен қойған талаптарын бұлжытпай орындап, көңілдерінен шықса және жақсы келін атанса, бұл жігіттің төртінші бақыты.

Бүгінгі заманның сауатты қазақ жастарының арасында ұлттық рухани құндылықтарымызды және уақыт сынынан өткен озық әдет-ғұрыптарымызды (ата – анасын сыйлау, үнемі ақылдасып отыру, айтқандарын істеу баланың парызы; күйеуін және оның анасы мен әкесін құрметтеу, өзіне қоятын талаптарын бұлжытпай орындау, қайын атасы мен енесінің үміттерін ақтап, немере сую бақытын сыйлау келіннің парызы) мәнсізбей, батыс елдерінің бізге жат мәдениеті мен псевдоқұндылықтарын негізге алып өмір сүру үрдіс алып бара жатқан құбылыс. Осындай қазақ жастарының арасынан шыққан бойжеткен қыз күйеуге тигенде өзіне қойылатын келіннің парыздарын орындауды қажет деп санамайтын, күйеуінің және балаларының ғана қамын ойлайтын, өзі сүйетін жігіттің анасы мен әкесін силау, ақыл – кеңестерін тыңдап, екі етпей орындау түсіне де кірмейтін, қайын атасы мен енесін ақымақ келіншек өздерінің бақытты жаңұя болуына басты кедергі ретінде есептейтін, «баламның шаңырақ көтеріп, жеке үй болғанын көретін уақыт, немерелерімді аймалап, беттерінен сүйіп, шөлімді қандыратын көптен сарыла күткен қуанышты күндер келді ме?» - деп баласы үйленгенде қатты қуанған қариялардың үміттерін ақтамай, туған ұлы мен келіні оларды жеке тастап кететіндер кездеседі.

Бұрынғы замандағы қазақтың келіндері қайын еңелерін қалай ерекше құрметтегені, айтқандарын қаншалықты бұлжытпай орындағаны туралы және абысындардың бір - бірімен арасынан қыл өтпестей, тату – тәтті өмір сүргендері жөнінде болған бір оқиға желісінде баяндап берейін. Қостанай ауданының Қрасный Октябрь кентінде тұрған Қайыпбаев Балапан мен оның келіншегі Шырын деген кісілердің екі бірдей баласын, тұңғыш ұлы Әмірғалиды және екінші қызы Айжамалды, сәбилер қырқынан шыға салысымен Бакеңнің анасы Салима әжей бала сүйе алмай жүрген екінші ұлы Тайлақ пен оның келіншегі Сартайдың бауырына салыпты. Туған анасынан ерте суалған жас сәбилерді екінші аналары Сартай ешкінің сүтімен асырапты және өзінен туған баладан да артық жақсы көріпті. Олай дейтінім, қызы Айжамал бірінші класқа барғанда, күз айларының суығына



қарамастан, екі - үш ай бойы Сартай анасы екі шақырым жерде орналасқан мектепке қызын жаяу арқалап апарып тастап, сабақтары біткен соң үйге қайтадан арқасына мінгізіп, алып келеді екен. Екі ағайынды жігіттер үйлерінің арасында бөтен үй жоқ болып, көрші тұрса да, бүкіл әлемді жаратушы Раббымыздың қолдауымен мынау жарық дүниеге ұлы Әмірғали мен қызы Айжамалдың келулеріне себепкер болған бірінші аналары Шырын, ішінен шыққан балаларын қаншалықты жақсы көріп, іші елжіреп тұрса да, бір де бір рет маңдайларынан иіскемепті және ешқашан беттерінен сүйемепті. Сондықтан болар, бұл екі бала біреуі ержеткенше, ал қыз бала бойжеткенше туған анасы мен әкесі кімдер екенін, бір құрбысы байқамай айтып қойғанға дейін, мүлде білмепті. Қазақтар кісінің ала жібін аттамайтын заманда, әкесі мен анасының айтқан ақылдарын балалары екі етпей орындайтын заманда, ұлттық салт – дәстүріміз бен данышпан бабаларымыздың өсиеттерін қазақ жастары қастерлейтін және есігіне құлып салуды әжелеріміз білмейтін заманда ағайынды екі жігіт пен олардың келіншектері шын ниетпен, бауыр еттері туған баласын, бір абысыны екінші абысынына сұраусыз бергенінің куәсі болсақ, ал бүгін текті бабаларымыздың білімді ұрпақтары бір ата - анадан туған қазақтың жігіттері біріне бірі тышқақ лақты да қимайтындай, ал сол ағайынды жігіттердің келіншектері бірін - бірі жек көретіндей және бір абысыны екінші абысынының үйіне мүлде кірмейтіндей қазақ жастарының басына не күн туды екен ?

Келіншек өзі келін болып түскен киелі шаңырақтың абыройын ойласа, қайыналары мен қайын сіңілілеріне туған әпкесіндей қамқор болып, жақсы жеңге атанса, қайын жұртқа иіліп төсек, жатып жастық болып, шын ниетпен үнемі сый - құрмет көрсетуден жалықпаса, абысындарымен тату-тәтті болып, сыйластықпен жиі араласып тұрса, бұл жігіттің бесінші бақыты.

Ақ жаулықты дана әжелеріміздің ұлттық озық әдет- ғұрыптарға негізделген өнегелі тәрбиесін көріп өскен, текті бабаларымыздың өсиет сөздерінен түйгені мол, «өлімнен де ұят күшті» екенін ерте түсінген қазақ қыздары тұрмысқа шығып, бөтен шаңырақтың табалдырығын аттаған сәттен бастап, өзін күтіп тұрған көптеген сындардан, мәпелеп баққан аяулы анасы мен асқар таудай әкесін жерге қаратпай, абыроймен сүрінбей

өтуге, жап- жас болса да, сақадай - сай дайын тұратын. Айтқан сөздеріме дәлел ретінде менің туған қарындасым Зәмзагүлдің басынан өткен, Аманкелді (бұрынғы Амантоғай) ауданындағы Степняк совхозының тұрғындары куә болған, бір оқиғаны баяндап берейін. 1984 жылдың жаз айында 20 жастағы Зәмзагүлді Степняк совхозында тұратын Мінайдаров Сайлаубек деген жігітке, дүркіретіп той жасап, әке – шешеміз өз қолынан ұзатты. Екі жыл өткенде Сайлаубек күйеу баланың туған ағасы Төлеутайдың келіншегі Назгүл ауырып қайтты да, артында үш баласы, үлкені 10 жаста, ортаншысы 6 жаста, кенжесі 3 жаста жетім қалды. Анасынан буындары қатаймай жастай жетім қалған қайын ағасының балаларына жетімдік таукіметін сездірмей, қарындарын аш қылмай, киімдерін кірлетпей, туған аналарын жоқтатпауға тырысып, бес жыл бойы өз балаларымен бірдей ұстап, мәпелеп баққан Зәмзагүл қарындасымның қайын жұрты алдындағы жеңге парызын абыроймен өтегеніне Степняк ауылының халқы куә. Әрине, қайын інілері мен қайын сіңілілерін әпкесіндей жаны ашып, аялап бағуға ақыл- парасаты мен төзімі жетіп, жақсы жеңге атанған Зәмзагүл, қайын атасы мен енесін де әкесі мен анасындай силап, қартайғанда ол кісілерді өз баласындай мәпелеп баққан еңбегінің арқасында қайын жұртының және қайын атасы мен енесінің ақ батасын алып, әулетке үлгілі келін атанды.

Келіншек қайын атасы мен енесіне сүйкімді немерелер силап, оларды атасы мен әжесінің қойынына жатқызып, түйгені мол қариялардың ұлы бабаларымыздың ерлік істері мен өсиет сөздеріне негізделген тәлім - тәрбиесінен шөлі қанғанша сусындаса және текті бабаларымыздың ұрпағы деген қасиетті атаққа лайық азамат етіп өсірсе, бұл жігіттің алтыншы бақыты.

Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай бағып жеткізген және көрген бейнеттен самайларына ақ кіріп, қартая бастаған аяулы анасы мен қадірлі әкесінің үміттерін ақтап, тілектерін орындау, оларға немере сүю бақытын силау ержеткен жігіттің аяулы ата - анасының алдындағы басты парыздарының бірі.

Келіншек қайын атасы мен енесін өзінің туған әке - шешесіндей силап, құрметтесе, ақыл - кеңестерін тыңдап, айтқандарын екі етпей орындаса, болашақта күш - қуаттары азайып, қартайғанда ол кісілерді өз баласындай мәпелеп бағып, көңілдерінен шықса, ақ сақалды атасы мен ақ жаулықты енесінің ақ батасын алып, әулетке үлгілі келін атанса, бұл жігіттің жетінші бақыты.

Қайын атасы мен енесін қазақтың келіндері қалай сыйлағанын, ол кісілер қартайғанда қалай қастерлеп баққандарын құлағыммен естіп, көзіммен көрген және өмірде болған бір оқиға туралы баяндап берейін. Бұл оқиғаның кейіпкері Аманкелді ауданындағы Қарасу ауылында (бұрынғы Коммунизм жолы совхозы) 1980 жылдары тұрған Мырзаахмет деген атайдың келіні, осы атамыздың баласы Қалижан ағайдың келіншегі Алтын апайды әулеттің үлгілі келіні

атағына өте лайық кісі ретінде өз басым аса құрметтеймін. Алтын апай шиеттей бала - шағасының тамақтарын тоқ, киімдерін тап – таза ұстап, ұлдары мен қыздарына өнегелі тәрбие беруге де, оларды мәпелеп өсіруге де, күйеуін силап, ол кісінің көңілін табуға да, сонымен қоса, қайын атасы мен енесін пайғамбардай құрметтеуге де, сол кісілер қартайып, отырған орынынан тұра алмай, төсек тартып жатып қалғанда ұзақ жылдар бойы күйеуінің әкесі мен анасын қардай тап – таза күйінде баласындай мәпелеп бағуға да, әулеттің абырой – беделіне ешқандай кір жұқтырмауға да уақыт тапқанына, қайын атасы мен енесінің шын ниетпен берген ақ батасын алғанына Қарасу ауылының барлық ересек тұрғындары куә. Алтын апай секілді қазақтың инабатты келіндеріне және осындай өнегелі қызды тәрбиелеп өсірген құрметті ата- анасына барша көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жігіттері басымызды иіп, шексіз алғысымызды айтсақ та, қандай сый - құрмет көрсетсек те өте орынды.

Қаншама ақылды, білімді, көрікті, иманды қазақ жігіттері өзін азамат ретінде силайтын, қойған талаптарын орындайтын, күйеуіне жақсы келіншек, ал мәпелеп баққан анасы мен әкесіне инабатты келін болып, немерелер сүйгізетін, жүрегінде иманы бар ақылды әрі сұлу жас қазақ қызын іздеп, көп жылдар бойы кездестіре алмағандықтан, жастары 35- 40 –қа келіп, көрі бойдақ атанып, қартая бастады. Қаншама білімді, тәрбиелі, сұлу және ақылы көркіне сай жас қазақ қыздары, болашақ күйеуіне қоятын талабы өте жоғары болғандықтан шығар, көңілінен шығатын және ата- анасы мен туыстарына ұялмай таныстыруға болатын қазақ жігітін ұзақ жылдар сарылып күте-күте, отырып қалған қыз атанды. Болашақ жарын таңдағанда ата– анасымен ақылдаспай, мәпелеп баққан анасы мен әкесінің болашақ келініне қоятын талаптарын ескермей және келісімін сұрамай, өзіне ұнаған қызға үйленетін жағдайлар қазақ жігіттерінің арасында жиі кездесуде. Келіннің міндетті түрде орындауға тиісті парыздары туралы анасы қызына бала кезінен айтып, түсіндірмесе және өзі үлгі - өнеге көрсетіп, үйретпесе, қазақтың қасиетті ұлттық салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын қастерлемейтін бойжеткен қыз күйеуге тигенде қайын атасы мен енесіне сыйлы келін болып, көңілдерінен



шығатынына, өзін сүйіп алған жігітке жақсы келіншек болатынына, өзінен туған балаларына өнегелі тәрбие беріп, халқына сыйлы азамат етіп өсіріп, жеткізуге ақыл – парасаты мен рухани байлығы жететініне күмәнім мол.

Қазақ халқы бірнеше ғасыр бойы ұлттық рухани құндылықтар мен озық әдет- ғұрыптарға негізделген тәрбиені қолданудың арқасында ақылды, адамгершілігі мол, өнегелі, иманды, намысты қолдан бермейтін және текті бабаларымызды жерге қаратпайтын қаншама тамаша ұрпақ өсірді.

Көп сөздің тобықтай түйінін айтып, қорытындылайтын болсақ, бүгінгі қазақ жастарының арасында сүйіп қосылған келіншегі күйеуіне «жігіттің жеті бақытын» да сыйға тартқан қазақтың ақылды және сұлу қыздары мен сондай таптырмайтын сыйлыққа лайықты қазақтың сегіз қырлы, бір сырлы жігіттері көп болсын. Қазақ жастарының арасында бақытты және әулетке үлгілі жанұялар көп болған сайын, ұлттық рухани құндылықтарымызды, салт - дәстүрімізді және озық әдет – ғұрыптарымызды қастерлейтін бозбала ұлдарымыз бен бойжеткен қыздарымыз да көбейе түседі. Демек, «данышпан бабаларымыздан қалған асыл мұраларымызды және ұлттық рухани құндылықтарымызды, төл мәдениетімізді көзіңізді қарашығындай сақтайтын және келесі ұрпаққа абыроймен тапсыратын жас ұрпақ, қазақ жастары, өсіп келеді» - деп болашаққа үлкен сеніммен қарауымызға болатын шығар, құрметті ағайын ?!

Нұрлыбай АБАТОВ,
физика-математика ғылымдарының
кандидаты, ҚМУ-дың профессоры.



«Алтын кітап» туралы не білесіз?



Осыдан он үш жыл бұрын «Қостанай облысы жастарының алтын кітабы» деген атаумен игі бастама қолға алынды. Жыл сайын әр саланың үздік атанған жастары іріктеліп, жеңімпаздардың есімдері осы аталған алтын кітапқа жазылады. Өткен он екі жылдың ішінде кітапқа қостанайлық 184 жастың есімі тіркелген.

Бұл жобаны облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы жүзеге асырады. Мақсаты – жас толқынды қолдау, шабыттандыру. Жобаға Қостанай облысындағы кез-келген жас қатыса алады. Ең басты талап, қатысушының өз саласы бойынша қол жеткізген табысы, жетістігі болуы керек.

Осы уақыт ішінде есімдері кітапқа жазылған лауреаттардың қатарында елімізге белгілі спортшылар бар. Олар, футболшы Нұрбол Жұмасқалиев, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Владимир Кресс, қазақша күрестен екі дүркін Азия чемпионы Рамиль Шарыгин, халықаралық дәрежедегі ҚР спорт шебері Марина Масленко, екі дүркін олимпиада жүлдегері, боксшы Иван Дычко, Рио-2016 олимпиадасының күміс жүлдегері, боксшы Василий Левит. Аталған спортшылардың қатарын былтыр тағы да екі жас толықтырды. Атап айтқанда, жастар арасындағы грек-рим күресінен әлем чемпионы Тамерлан Шадукаев пен арбадағы спорттық биден Азия чемпионы Мәлика Мұқтарова. Он алты жастағы Мәлика «Алтын кітапқа» есімі жазылған ең жас лауреат ретінде көптің есінде қалды.

Құрметті жас достар! Сіздер де «Алтын кітаптың» лауреаты атануға талаптаныңыздар.

Суреттерде: «Қостанай облысы жастары алтын кітабының» әр жылдары өткізілген іс-шараларынан көріністер.



«Өнер» студиясына – 15 ЖЫЛ



А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың жанындағы «Өнер» студиясының ұжымы 15 жылдық мерейтойын атап өтті. Осы уақыт ішінде студияда жүздеген мыңдаған өнерлі жас талантын ұштап, қанаттанды. Бойында дарыны бар қыз-жігіттердің алды бүгінде облысымызға, республикамызға танылып, өнерімен елді сүйсіндіріп жүр.

Іс-шараға «Өнер» студиясының әр жылдардағы түлектері арнайы келіп қатысты. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған өнерпаздар мерекелік кештің көркін қыздыра түсті. Бірі домбыра тартып, өнді бірі ән айтып, би билеп көпшілік ортаны ду-думанға бөледі. Студияның жетекшісі, Қазақстанның халық ақыны

Әсия Беркенова жасындай жарқырап жүрген жүйрік шәкірттеріне жүрекжарды лебізін арнады. Вокал, хореография, домбыра үйірмелерінің жетекшілері де құттықтау сөзге қосылды.

ҚМУ-дың ректоры Хұсайн Уәлиев өнерді жоғары бағалайды және студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуына аса мән береді. Университет ректоры осы студияны ашу туралы Әсия Әйіпқызының ұсынысын қолдап, бар жағдайды жасады. Аталған студиядан тәлім алған түлектердің дені оқу бітірген соң, жұмыс пен өнерді қатар алып жүреді. Өйткені, адамның бойындағы табиғи талантты жасырып қалу мүмкін емес.



Зообақ ашылды

Қостанай қаласында зообақ ашылды. Бұл жерде жануарларды көруге және тіпті ұстауға рұқсат етіледі. Тек қолтырауын мен жанатты түртіге тыйым салынған. Өйткені, қолтырауын (кішкентай болса да) қауіпті, ал жанат қысқы ұзақ ұйқыға кеткен.

-Шамамен 20 жылдай цирк қызметімен айналысып келеміз, бағдарламада осындай жануарлар да өнер көрсетеді. Жазда, яғни демалыс кезеңінде, асырандыларды "Қазақстан" кино-театры маңында кішкентай үйшікте ұстадық. Жұртшылықтың қызығушылығын аңғарып, кеңейтуді шештік. Міне, осылайша, зообақ пайда болды, -дейді директоры Елена Юрьевна.

Қазіргі уақытта "Теремок" деп аталатын зообақта жиырмадан астам жануар бар. Атжалман, итбалық, айдаһар жылан, питон, бақалар, тиіндер, үкі және өзге де осы маңның тұрғындары көрермендерін күтеді. Еленаның айтуынша, таяу келешекте зообақ ауқымы кеңеймек. Мәселен, бірер күнде өрмекшілердің түр-түрі әкелінбек. Алға қойылған жоспарға сәйкес, ірі жануарларды ұстайтын орын әзірлеу ойда бар.



Кіші буын кітапханаға бара ма?

Руханият – адамның дүниетанымының кеңдігінен, жанының нәзіктігінен, санасының жоғарлығынан, қайырымдылық іс-әрекеті мен ізгі ниетінен көрініс береді. Руханият әдебиет, өнер, халық даналығы, салт-дәстүр, мәдениет, ғылым, білім арқылы кемелдене түседі. Осынау ауқымы кең ұғымды жастар қалай түсінеді? Кіші буын кітапханаға бара ма, кітаптың бетін аша ма? Газет-журнал оқи ма? Осы аталған сауалдар Л.Толстой атындағы облыстық кітапханада өткен дөңгелек үстелде кеңінен талқыланды. Іс-шараның жүргізушісі, кітапхана қызметкері Анар Асқарқызы жиналған қатысушыларға сұрақ қойып отырды.

Дүйсен ДАЙЫРОВ, Қостанай қалалық мешітінің имамы:

-Бисмиллихир рахманир рахим. Қазір кітап оқуға кедергі болатын нәрселер көп. Бұрын теледидар еді, қазір телефон шықты. Бәріміз ананың құрсағында жаратылғанымызды білеміз. Алла Тағала адамзат баласына осы өмірде бақытты болып өмір сүруге барлық мүмкіндікті берген. Естуге – құлақ, сөйлеуге – тіл, көруге – көз, жүруге – аяқ берген. Жастық шақ өтеді де кетеді. Сондықтан жастық шақты жақсы нәрсеге жұмсауымыз керек. Шүкір, мешітте жастар көбеюде. Мәселен, бау-бақша егесің. Ол жерге қалаған нәрсеңмен қатар арам шөп те шығады. Занды құбылыс. Арам шөпті ақырындап алып тастайсың. Сол пайдасыз шөптің жан-жағындағы өсімдіктерге еш зиянын тигізбейтіндей ету бағбанның міндеті. Мешітке де әртүрлі жастар келеді. Оларды дұрыс жолға салу, бақыт көрсету біздің міндетіміз.

Жастар неге бесіктен белі шықпай жатып қылмыскер болуда? Араққа салынып, есірткінің құлына айналуға. Жеңіл жүріске салынып, өз-өздеріне қол салып жатыр. Неге? Оның себебі жастар мына өмірге не үшін келгендерін, мақсатын танып, білмейді. Дене бітіміндегі кемшілікті, кемістікті көріп, өмірге өкпелейтіндер бар. Алайда, адам өзін-өзі оқыса, табиғатын таныса бойындағы кішкентай кемшіліктің түкке тұрмайтынын түсінер еді. Аяқ-қолы балғадай азаматтар үкіметке өкпелеп, жұмыс жоқ деп шіренеді. Екі-үш баласың, бір әйелін баға алмай шал-кепірге масыл болып отырған жігіттер бар. Олар өздерінің өмірге келу мақсатын түсіне алмағандар. Егер, біздер жастық шағымызды тиімді пайдалана алмасақ, есейгенде күшті адам бола алмаймыз. Елге бас болмақ түгілі, баламызға ақыл айтуға жарамай қаламыз.

Төлөнді ӘЛҚОЖИН, І.Омаров атындағы қазақ драма театрының артисі:

-Театр – адамды тәрбиелемейді, бағыт-бағдар береді. Баланы мектепте, оқу орнында оқытады. Ал театрда ой салады. Мен бала кезімде кітапханадан

шықпайтынмын. Сан алуан батырлар жырын оқитынмын. Телефон шыққалы бері кітап оқуды қойдым. Бірақ, өнерге келгелі қолыма қайтадан кітап алдым. Өйткені, бір образды ашу үшін көп іздену керек. Театрда жыл сайын жаңа премьералар болады. Сондай сәттері залдың іші лық толады. Көрермендер көп жиналса біз де қуанып қаламыз. Жастар спектакль көріп, одан ой түйсе біздің еңбегіміздің еш кетпегені.

Дүйсен ДАЙЫРОВ, Қостанай қалалық мешітінің имамы:

-Бір күні үйге келе жатқанымда екі қазақ қызының темекі шегіп тұрғанын көрдім. Екеуінің жүзіне тоқтап қарадым. Біреуі темекінің иісі қолына сіңбесін деп қысқышпен шегіп тұр екен. Қарындасыма барып «Қазақсың ба?» деп сұраған едім. «Жоқ» деп қазақша жауап берді. Темекіні шекпеуге шақырып едім, «Сіздің қандай шаруаңыз бар?» деп өзіме бас салды. «Мен қазақпын. Сен де қазақсың. Менің сен секілді қарындасым бар. Сен секілді өсіп келе жатқан қызым бар. Мысалға, сенің мен секілді ағаң бар шығар. Ағаң сенің темекі шегіп тұрғаныңды көрсе, осы жерден өтіп кетпейді ғой. Өтіп кетсе имансыз, намыссыз деген сөз. Мен сені қарындасым деп сыйлап тұрмын» деген сияқты ойларымды айттым. Ұлтшылдыққа салынбайын. Жалпы қыз баланың темекі шеккенін көре тұра қасынан үнсіз өтіп кету имансыздық. Иманның білімі жүректі нұрландырады, мектептің білімі ақылды нұрландырады. Екеуі нұрланған жерде адам кемелдене түседі. Ақылын нұрландырып жүрегі қарайған адамнан қатыгездер шығады. Жүрегін ғана нұрландырып, ақылын нұрландырмаған адамнан фанатистер шығады екен.



Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың студенті: Менің достарымның арасында ата-анасының ақшасымен немесе басқа да факторлардың әсерінен руханияттан алшақ жүрген жастар бар. Астында мықты көлігі бар жастар жүреді. Олар біздің айтып отырған кітап, дін туралы әңгімемізге пысықырып та қарамауы мүмкін. Бұның

бәріне негіз болатын нәрсе ата-ананың баласына барлық нәрсені еңбексіз беруінде. Бала бәріне оңай қолжеткізеді. Соның нәтижесінде дүнианың қадірін білмейді.

Алмас МҰРАТБЕК, Л.Толстой атындағы облыстық кітапхананың қызметкері:

-Бүгінгі жаһандану заманында мүмкіндік көп, шектеу жоқ. Ғаламтордан көп ақпарат алып, содан ой қорыта алмай жатамыз. Кез келген сұрақтың жауабын кітаптан табуға болады. Сондықтан, жастарды кітапханаға шақырамын.

Қ.Мұратбекқызы.



Мұратбеков Алмас Фархатұлы 1994 жылы 20 қыркүйекте Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданында туған. Бала кезінен өлең жазады. Оқушылар арасында ұйымдастырылған айтыстарда жүлделі орындарды иеленген. Түрлі мүшәйраларда топ жарып, алғыс хаттармен марапатталған. Өлеңдері облыстық, республикалық басылым беттерінде жарық көріп тұрады.

Алмас бүгінде А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде қазақ филологиясы мамандығында магистратурада оқып жүр.

Келші қайта, көктем боп

Көктем кеп...

Құласа екен көк белден,
Сейілсе екен қар бұпты,
Бітпейді ме деп келген!

Жаңбырлап,
Кетсін бүршік талды ұрлап.
Бүршік атсын қайтадан,
Кеудемдегі салдырлақ...

Көгалда,
Қонсын құстар оралған:
Менің құсым жоқ, сірә,
Мәңгілікке жоғалған...

Жайлауда,
Кісінеп тай байлауда,
Жылқы мінез көңілім
Көшке ілессін айдауда...

Көз ілмей...
Бәріне үстем көзірдей,
Көп тырнаның ішінен,
Аққу күтем өзіндей!

Сағындым...
Арасынан сан үннің,
Сенің даусын естілсін,
Үш ай қысқа сабырлым...

Көктемім!
Көрі қысқа өкпелім!
Бұл өмірден күтерім,
Сенен өзге жоқ менің...

P.S. Келші қайта, көктем боп,
Көп күттірдің...
Өкпем жоқ!

■ ■ ■

Елігімдей нәзік қыз!
Сезімімді сеніміме ұзаттым,
Төсінде қап аузы жоқ тұзақтың.
Сойыл соғып қинаса да әр тәулік,
Сағыныштай ұзақ Түн...

Дарытпадым көз біткеннің өткірін,
Көріп тұрып торлағанын көкті мұң.

Жылу сыйлап жүрмесе де кей кезде,
Құштарлықтай отты Күн...

Көңіліңді бұза алмадым көлгірсіп,
Жіберсеңші тым болмаса сен де ұрсып!
Алқымыма түйілгенмен таң сайың,
Тамшы жастай мөлдір шық...

Жайнап өссін біздерде бар жарты гүл,
Сәуле шашып, ей, қу жүрек, шалқып ұр!
Жаныма кеп орнаса да жылт еткен,
Жалғыздықтай жалқы нұр...

Махаббаттың уыменен улансақ,
Бойымыздан шыққан сол бір буды аңсап.
Керек емес сен барыңда, серілік,
Дауылдайын думан шақ...

Біздің өмір - кілең шың тас, жазық, құз,
Оны да айтып талай тармақ жазыппыз.
Тамырымда қылығымен толқыған,
Елігімдей нәзік қыз...

Кітапхана, кездесуден үзінді...

Сен ұстаған кітаптарды мен ұстап,
Саусағыңның іздерімен жүгірдім.
Айналамда сен орнатқан жеміс бақ,
Ақылыңның ұшқындарын сіңірдім.

Қолың тиген еңбектерді қолыма ап,
Мұқабаның жұпарына қанықтым.
Бірге тұрып ашқан кітап жолығад,
Бәрі-бәрі көз алдымда анық тым.

Белгілеппін бүктеп қойып бұрышын,
Салықовтың «сүйемін мен» өлеңін.
Автор келіп, сұраса – деп: «кім үшін?!»
Әрине де, Сен: «мен үшін!» – дер едің.

Әлем етіп қос сөренің арасын,
Көп отырдым, көзім шалды жүзінді.
Елес болып мені ертіп барасың,
Ары қарай араладық тізімді...
Жынданғам жоқ, кінәлілер: көп кітап,
Кітапхана, кездесуден үзінді...
Сап, көңілім! Уақыт өтіп кетті. Қап!
Оқиғаның желісі күрт үзілді...

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰДАЛЫҚ ТОЙЫ ҚАЛАЙ ӨТІП ЖҮР?



**Бирмағамбет
ТОТИН,
Қостанай қаласы.**

Осы тақырыптың төңірегінде қалың оқырмандармен өз ойымды бөлісем бе деп өдім. Сырт көз сыншы дейді, бір жағынан бізде болатын тойдың басқа өңірлермен

салыстырғанда қандай ерекшеліктері бар дегендей.

Таяуда бір ағайынымыздың баласы үйленетін болып, құдалық-тойына (құдалардың құрамында) мен де баратын болдым. Оның алдында он шақты кісі болашақ күйеу баланы ертіп барып, қыздың әке-шешесімен таныстырып, өздерін таныстырып, болашақ келін баланың мойнына сырға салу рәсімін жасап қайтты деп естігенмін. Табиғатымнан кісікиіктеу болып өскен, ешкіммен араласым жоқ, ойын-той, бас қосу атаулыға бара бермейтін мен үшін бір күтпеген жағдай болды, нақтырақ айтқанда бір үлкен жүк болды (қуанарлығы сол – мені сыйлап, құда деп, адам деп санағандары болса, алаңдайтыным – қазақтың қасиетті құдалық деп аталатын той-жоралғыларынан кенде екенім, өзімді көпшіліктің алдында қалай ұстау мәселесі мазалайтыны). Бір жағынан той деген ішімдіксіз өтпейтінін де білетінмін (бірақ, шектен шыға ішетіндей заман келмесе кетті деп ойлайтыным). Бәлкім, көңіліме жақпағаны да содан болар.

Мақсат біреулерді сөз қылу немесе оларды жамандау да емес, естімегендері-көрмегендері бар, білмейтіндері бар, нені ескеру керек, қалай жасауға болады деп енді той жасауға қамданып жүргендер болса соларға сабақ болсын, осы аталмыш мәселеге бастары ауырып жүргендердің ойларына ой қосу үшін, бір жағынан ішкі шерімді тарқату үшін де жазып отырмын.

Алдын-ала бір ай бұрын уағдаласқанымыздай (айдың басындағы сенбі-жексенбіде біздің тарапымыздан, ал сол айдың соңғы сенбі-жексенбісінде келесі жақ тарапынан құдалық-тойын өткізетіндей етіп), сол уақытта, сол минутта қаламыздың көрікті шағын-ауданның біріндегі бес қабатты үйдің алдында, подъезге жетпей автокөліктен дорбаларымызды алып түсіп жатқан бізді бір топ адам, соның ішінде қыз-келіншектер шашу шашып, араларында бастарына ұлттық үлгідегі аппақ жаулық тартқан апа-жеңгелеріміз бар, құдалар тобы домбыра тартып, сырнайлатып, әндетіп сөз жоқ, жақсы қарсы алды. Бәрі мәре-сәре болып, төс қағысып, амандасып,

шүйіркелесіп, танитыны-танымайтыны бар танысып-білісіп жатыр.

Бірінші столда төп-тәуір отырыс болды (дастарханға қарасаң, кәдімгі елде уайым-қайғы деген, ешбір дағдарыс атаулы жоқтай әсер қалдырады), расында да көңіліміз де бір көтеріліп қалды, өзімізді бір Хан-Сарайында отырғандай сезіндік, соған сай құрмет те көрсетілді («Қазақ осы құдаларын Құдайындай сыйлайтын» деген Қадір-ақынның өлең жолдары есіме түсті) сөйлесіп, жақынырақ танысып-білісіп дегендей, түрлі тақырыптарда әңгіме қозғалды, ас ішіп-желінді, бәрі жақсы, бәрі ойдағыдай (мүмкін, бұның бәрі алдын-ала жазылған сценарий бойынша болды ма, кім білсін).

Қызықтың бәрі (қызық емес-ау, масқараның бәрі) екінші столдан басталды, арақ-шарап әкелінді, барлық шөлмек атаулы толтырыла құйылып, бата (дұрысы, тост) айтыла бастады. Асабаның рәлін ойнап жүрген қозы қарын жігітте де мін жоқ, қазақша сөйледі, орысша сөйледі, домбыра-сырнай аспаптарының сүйемелдеуімен ән айтып, би биледі, бірде нешетүрлі анекдоттар айтып, ара-арасында бірде жиналғандарға, соның ішінде әуелі құда, бас құда, бірде оның жанындағыларға, сосын туған-туысқандарына, оның білетіндеріне сөз беріп, қолынан келгеннің бәрін істеп жүр.

Арасында үзіліс жасап, салт бойынша, қыз балаларға орамал сыйладық. Біз жақтан келгендер көңілден шықты деп, бірде асабаға, бірде бас құдаға, табақ тартар, т.б. деп конвертке салынған ақшалай (белгісіз соммаларымен) сыйлықтар таратып беріп жатты. Үлкені-кішілері бар, олардың айтқан баталы сөздеріне жете мән беріп, бәріне қалт жібермей естіп-қарап отырдым (тіпті, зерттеп отырдым десе де болар). Байқаймың, әрбір бес минут сайын әйтеуір, біреу бірдеңе айту керек (өйткені, айтқан тілектері, берген баталары дейміз бе, үндеспей кетті, қыза бастағандар





Қыз Ұзаты

бір-біріне реніштерін айтып, былайша айтқанда есеп қайыра бастады), оның соңынан бәрі алып қою (арақ ішу) керек. Оның есесіне ағайын арасындағы көреалмаушылық па, білмеймін айтыс-тартыстың арасында ол да көрініп қалып жатты. Ас ішуге, дәм татуға да уақыт берер емес. Басында байқамаған шығар, әлде сыпайылық сақтағаннан болар менің жай сусын ішіп, ішімдік ішпей отырғанымға мән бере қоймаған еді. Бір жағынан сөз кезегі маған келіп, қатты алаңдағаным-ай. Айтар сөзім аузыма бірден түспей, терлеп-тепшіп әйтеуір айтатынымды айттым-ау, енді жиналған халайық «айтар тілегіңді айттың, ішіп қой!», алып қой!» дейді. «Туғандар! Құдалар! Ағалар! мен ішпеуші едім, зорламаңыздар, әңгіме ішіп-жеуде емес, ниетте ғой» десем де, болмайды, енді бірде көмек беріңдер дегендей қариялар жаққа қараймын (олар да солардың жағында, құдаларға деген сый-құрметтері сол оларды өле-өлгенше араққа тойдыру керек екен). Бар-жоғы бес-алты кісі болып барған біздердің (құдалардың) қатарындағы біреуі столға отырған жерінде құсып жатыр, біреуі столдың бір шетінде әбден мас болып ұйықтап жатыр, біреуі темекі тартамын деп (көбіне, арақ құятын кезде) шығып кетті, енді біреуі «козелдің аузын бұзамын» деп төбелес шығарайын деп отыр. Ойбай-ау, бұрынғы батагөй, көнекөз қазақтың ақыл айтар, тоқтау айтар қариялары қайда кеткен деген бір ойға қалдым.

Сөйтсем, бұл бір үйден екінші үйге, бір ауылдан екінші ауылға барып, екі күн бойына созылатын құдалық атаулы процестің басы ғана екен. Олардың ойынша (солай да болар деп шамаладым), мен мұнда табақ тауысу үшін жай келген екенмін, ананымынаны аңдып отырған шпион екенмін, туғанына (жас-жұбайларға) немқұрайды қарайтын, олардың болашағына тіреу, бақытына тілекші емес екенмін. Енді бірде қонақтардың ішіндегі елағасы «мүмкін, сен діннің жолында жүрген адам шығарсың», «әлде науқас адам шығарсың» деп тұрып алды, байқаймын

жұрттың бәрі мені соттағалы отырған сияқты, екі жастың бас қосуы, олардың бақыты, т.т. дегендер жайына қалды, тақырып мүлдем басқа арнаға ауып кетті.

Сөйтіп, мен жанжалға себепші, дәлірек айтқанда арандатушы болып шыға келдім. Мен өзімді үйде де, түзде де осылай ұстауыма жастайымнан әкешешемнен алған тәлім-тәрбием, қалыптасқан дүниеге деген көзқарасым, жалпы азаматтық ұстанымым, он алты жылдық оқытушылық мамандығым да міндеттейді десем. Дәл сол жерде «мен мұндай едім» деп айтып-түсіндіріп жатудың қисыны да келмеді. Жұрт алдында өзімді екіжүзді етіп көрсеткім де келмеді. Енді көпшілік «ол ішпесе, онда өзің ішесің» деп бір ағайынымызға қолқа сала бастады. Не керек әйтеуір, қаланың солтүстік-батысында орналасқан бір шатханада болдық, сонда «Қызыл өрік, қызыл өрік» деп құлақты жарып жіберетін зор әуенмен, шаңды аспанға шығарып, жасы бар, кәрісі бар тарсыл-гүрсіл биледік. Түнге таяу «құда мың жылдық» деп, төс қағыстырған екі жақтан қақтығыс орын алып, оның соңы топтық төбелеске ұласып кете жаздады. Ақ дегені алғыс емес, қарғыс болды. Әдемі баталы сөздер, жақсы тілектер аяқ асты болып қалды. Қан-қан болып ауыз бұзылды, киім жыртылды, ақыры айқай-шумен тарастық.

Шынымды айтсам, бұл құдалықтан (ашығын айтқанда, ішіп-жеуден, шашып-төгу тойынан) қатты шаршап, ренжіп қайттым (көрген тойым осы болсын деп бір түйдім). Менің білетінім - қандай бас қосу, жиын-той болмасын сол, баяғы - мал шашу, ақша шашу, жаппай ішімдік ішу, оның соңы ұрыс-төбелес, жанжал. Бұл қазақтың емес, заманы өтіп кеткен «советский қазақтардың тойы» деген тоқтамға келдім. Қазір - экономикада, саясатта да, тіпті мәдениетте де реформалар жүріп жатыр. Меніңше, қазақтың тойларын да реформалайтын уақыт жеткен сияқты.

Ақыбек Улаахмет: «Серпін» бағдарламасын қолдаймын!»

Бір сұхбатыңызда «Қостанай қазақбайшылығы жоқ, қазақылығы бар, тура айтса да туысына жақпайтын турашылдығымен қымбат» деген екенсіз. Қазақбайшылығы жоқ, қазақылығы бар екендігін қаламен танысу барысында түсіндім. Ал «тура айтса да туысына жақпайды» деген сөзіңізді кеңінен түсіндіріп жіберсеңіз...

- Қазақта «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөз бар. Бұл дегенің дипломатияға салынбай, көргенді көрдім деу, білгенді білдім деу. Біздің Солтүстік Қазақстанның, соның ішінде Қостанай қаласы қазақтарының бір ерекшелігі – орыс арасында өскен халық болғандықтан, орыстың жағымсыз мінездерінен бөлек жақсы мінездерін де бойына сіңірген деп айтуға болады. Яғни, жұртқа көшіріммен қарау, бүгін ұрысса, ертең ұмытып кету, кек сақтамау немесе ойында тұрған шындықты жүзіңе тіке айта салу деген сияқты жақсы мінездерді бойына жұқтырған. Ұлы Абай айтқан «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деген жаман қасиеттер, жалғыз Абай емес, одан бергі Шөкәрім, Мағжан сынды ақындардың көкейін тескен, сыналып жүрген қазақбайшылық, қазақтың жағымсыз мінездерінен арылсақ, былайша айтқанда «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренсек» деген мағынада айтылған сөз.

- «Қаладағы сәулет пен мүсінде, көшеде қазақ иісі аз, тіпті жоқтың қасы» дегенсіз. Осы жоқты бар етіп, барды одан әрі дамыту кімнің қолында?

- Жоқты бар қылу, барды жоқ қылу, ең алдымен, бір Алланың қолында. Одан кейін халықтың қолында. Осы халық сайлаған немесе үкімет тағайындаған әкімдер халықтың сөзін сөйлеуі керек. Кеңес Одағы заманында біздің барлық қаламыз орыстанып кетті, көптеген көшелерімізде орысша атаулармен аталды. Айталық, біздің Қостанай облысындағы Рудный, Лисаков қалаларының өзі орысша аталады. Мысалы, Рудный қаласының қазақша атауы – Сары-



бай, іргеде жатқан Затобол ауданының қазақша атауын қазақ әдебиетінің классигі Бейімбет Майлин «Жалбыр» повесінде «Құтты алап» деп атап жазған. Қаламызда 150-тен астам көше бар болса, оның жиыrmасы ғана қазақша аталады екен. Айталық, тәуелсіздік алғаннан кейін берілген Свердлов, Ленин, Калинин көшелерінің орнына Әл Фараби, Абай, Ы.Алтынсарин, Ғафу Қайырбековтың аттарына өзгертілді. Бірақ, әлі күнге дейін біздің Қостанай өңірінде туып өскен қайраткерлеріміздің атындағы көшелер өте аз. Керек десеңіз, бүкіл қазақтың атын кезінде әлемге танытқан сахна саңлақтары, еңбек ерлері Елубай Өмірзақов, Әбілахат Есбаев, Біләл Аспандияров, Мұхтар Мурзин немесе Алаш ардақтылары Елдес Омарұлы, Мұхтар Музин, Әлжан Багурин, айта берсек көп, қазақ ұлттық академиясының ыстығына күйіп, суығына тонған жерлестеріміз Манас Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазин, кешегі Ғабит Мүсіреповке сабақ берген Бекет Өтетілеуов сынды толып жатқан біртуар ғалымдарымыздың аттары неге берілмесе? Есесіне бізде ешқандай мән –

мағынасы жоқ көшелер қаптап кетті. Айталық, «Колхозная», «Рабочая», «Совхозная» көшелері, тіпті жақында «казахская» деген көше пайда болыпты. «Казахская» деген атауды өзге елдегі қазақтар тұратын аймақтардағы көшелерге беруге болады. Біздің елдің өзіндегі қалада ондай атаудың болғандығы не сұмдық?! Сондай-ақ, орыстың ұлы жазушылары Толстой, Пушкин, Гоголдің атымен аталатын көшелер бар. Олардың Қостанайға еш қатысы жоқ. Бізде Ярослав Гашек атында көше бар. Қазақтан шыққан тұңғыш дәрігер Мұхамеджан Қарабаевтың есімін бергізе алмадық. Мысалы, Ярослав деген кім? Ол кешегі ақ гвардияшылардың қатарында болып қалаға келген, Қостанайда бір-ақ күн, яғни, 24 сағат қана қалада болған адам. Әрине, ол әлемге танылған жазушы. Бірақ, оның біздің Қостанай жеріне, біздің қазақ еліне ешқандай қатысы жоқ адам. Сондықтан да, алда атқарылуы тиіс жұмыстар қыруар деп айтуға болады.

- Қазақылық, қазақбайшылық деп жатырмыз ғой, оның ішінде тіл мәселесі де жатыр... Қазір Солтүстік өңірлерді қазақтандыру мақсатында құрылған «Серпін-2050» бағдарламасы жөнінде не айтасыз? Бұл бағдарлама Қостанай өңірінде қалай жүзеге асып жатыр деп ойлайсыз?

- Бозбала кезімде Қостанайдың жалғыз қазақ мектеп-интернаты болды. Сол кезде қыстың қақаған суығына қарамай, қаланың сыртында тұрсам да сол интернатқа балаларымды беріп, балаларымды қазақша оқыттым. Одан олар ешқандай да кем болған жоқ, екі тілді де бірдей меңгеріп, басқа тілдерді де қоса меңгерді. Ал қазір қазақ мектептері көбейіп жатыр. Бірақ, өкінішке қарай, біздің қазақ отбасыларының ішінде, қазақ ата-аналарының ішінде әлі күнге дейін балаларын орыс тілінде оқытқанды мақұл көретіндер бар. Меніңше, олар қатты қателеседі. Себебі, мемлекеттің болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілін білмеген адам ертең елбасы бола алмайды, қазақ тілін білмеген адам ертең парламентте отыра алмайды. Қазір олай отырған көп, бірақ ол жағдай ертең демографиялық жағдай өзгергеннен кейін бәрі де өз қалпына келеді. Мысалы, қазақтықтың қаймағы бұзылмаған Торғай өңірінің аймағында орыстардың өзі қазақ тіліне құрмет білдіріп, қазақ тілінде сөйлейді. Жанкелдин ауданында Иванов атындағы орыс мектебі бар. Ондағы педагогикалық ұжым мен білім алып жатқан балалар да қазақтар. Ал бізге бұл орыс мектебі не үшін керек? Бұдан жиырма бес жыл бұрын керек болды. Ал қазір бізге ағылшын, француз, қытай тілдері керек. Сондықтан, мен бұл мектептің әлі күнге дейін не үшін орыстілді мектеп болып сақталып қалғандығына таң қаламын. «Серпін-2050» бағдарламасын мен қолдаймын. Бұл бағдарламамен грантқа түскен

балалар үшін мүмкіндіктер көп. Бағдарламаның болашағы үлкен ғой деп ойлаймын. Ертең бізге келген 400-ден астам баланың жартысы еліне қайтып кеткенімен, қалған тең жартысы қалада қалса, олардың алып жатқан мамандықтары ертең қаланың экономикасын көтеруге қажет болады деп ойлаймын.

- Сондай-ақ, «Босқа өткен күндеріме өкінемін, аз да болса іс-әрекет жасаған күндеріме шүкіршілік қыламын» дегенсіз. Ал қазіргі уақытта күндерін бос өткізіп жүрген қазақ жастарына не айтар едіңіз?

- «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын» деп Абай айтқандай, қазіргі қазақ жастары жаман дейтін жат қылықтардан аулақ жүрсе екен деймін, білімге құштар ұл болса екен деймін. Өйткені, байлық та, барлық та қалған уақытта адамда тек білім қалады. Сондықтан, қазақ жастарының білімге құштар болғандығын қалаймын.

- Жаһандану үдерісінде ұлттық болмысымыздың келбеті қандай болады деп ойлайыз?

- Біз мына жалған дүниені үлкен бір мұхитқа теңейтін болсақ, сол мұхиттағы алып кит немесе акула болсын өзінен кішкентай жәндіктерді, тіршілік иелерін жұтып қояды. Жаһанданудың аз ұлтты елдер үшін жақсы жағынан гөрі кесапаты көбірек шығар деп ойлаймын. Сондықтан, әрбір кішкентай ұлт, соның ішінде біздің қазақ ұлты, әсіресе өзінің тілі мен дәстүрі бай ұлт, тілін, дінін, ділін және дәстүр-салтын сақтауы үшін, сондай-ақ, атамекенін сақтауы үшін жаһанданудың апанына жұтылып кетпеу үшін тамыры терең, бөрік болуы керек. Тамыры терең бөйтерек қана жапырағын кеңге жаяды.

- Сіз үшін өмір деген не және өмірдің мағынасы неде?

- Өмірдің мағынасы – ешкімді ренжітпей, өзің де ешкімге ренжімей, былайша айтқанда пендешіліктен аулақ болып өмір сүру, мақтан сую мен мансапқа құл болудан сақтану, құл болсаң, тек жалғыз Аллаға құл болу. Бұл жайында жақында ғана жазған өлеңім бар:

«Өмір асау өзеннің ағысындай,
Мойынға салған жүкті ауырсынбай,
Тұңғыш су түбіне батып кетпей,
Өткелден өтсем болды сағым сынбай».

Осы өлеңде менің сол өмірге деген көзқарасымның негізі тұр деп айтуға болады.

- Уақыт бөліп, сұқбат бергеніңіз үшін көп рахмет!

Сұқбаттасқан Жұлдыз ҚАДІРОВА.

Жылалашы, бауырым!

Күздің қара суығы тұла бойыңды дірдектетіп, өткір жел көз қаратпайды. Қара жер алғашқы қармен қауышып, көп ұзамай қаһарлы күндердің келетіні сезіліп ақ тұр. Желтоқсанның он алтыншы жұлдызы Республикамыздың Тәуелсіздік күніне орай үш күн демалыс деп жарияланды. Мерекені мерзімінен бұрын тосып жүретін біздер, студенттер, бөрімізді аспанға ата шаттандық. Сондағы ойымыз, алыстаға ата -анамызбен қауышып, туған жерге аунап қайту. Айтып айтпай не керек, біраз құрдастар бірігіп елге жүріп кеттік. «Пах, шіркін! Туып, кіндік кескен жер! Қасиетіңнен айналдым, мың жаялық жуған жер», деп жарты әлемге жар салдық.

Жылдар жылжып өтсе дағы бәрі сол баяғы қалпында екен. Асау толқыны желмен жарыса тербеліп жағаға соғыла кейін қарай қайтатын Торғай өзені де өз арнасында жатыр. Қаз -қатар орналасқан қоржын үйлердің ауласында бірең -саран өсіп тұрған жидек ағаштары да орнында. Өзге өсімдіктерден ерекшеленетін бұл талдың қасиеті, жапырағы үскірік аязды күндерде реңін жоғалтпаған күйі сұп- сұр болып тұратын. Жемісі де қыста бірақ пісіп, алғашқы қар түскен соң ғана жинап алуға болады. Қазіргі мезгіл жидек теруге дәл келіп ақ тұр.

...Мұржадан шыққан қою түтін баяу қозғалып бұлқа қосылып кетуде. Қаншама бүлдіршіннің сауатын ашқан алтын ұя оқу ордасы да ауыл ішінде анадайдан мен мұңдалайды. Бәз баяғы тіршілік... Тек мен ғана өзгеріппін, дұрысы есейіппін. Бір кездері мына аулада құрбылармен ойнап, ұзын көше бойымен оқуға баратынмын. Енді міне сол жолдармен тағы келемін. Бұл жолы төңтек бала емес, беделді оқу орнының студентімін.

Әке-шешем, бауырларым мен туған-туыстарым тосып отыр екен. Бәрімен қол алысып, құшақтасып амандастым. Үш жасар інім жүгіріп келіп қатып қалған қолымды кішкене алақандарымен уқалауда. Әжетайым да аймалап, маңдайымнан сүйіп ортаға алды. Дастархан басына отырсақ та сағыныштың у- шуы біразға дейін басыла қойымады. Ананы -мынаны сұрап, ешкім бір- бірінен қалысар емес. Енді ше, қалада оқып жүрген отбасымдағы алғашқы немере, тұңғыш перзент деген атым бар. Соңымнан ерген қара сирақтарға үлгі болайын деп танауымды көкке көтере бөсіп жатырмын. Әзірге қаланың кереметі мен студенттік өмірдің сәулелі тұстары ғана көз алдымда. Жан -жақтан қойылған жауапсыз сұрақтарға қарамастан алдыма қойылған сыбағаны молынан қармып қалуға тырысып жатырмын. Дәмді астың бәрі тұр. Май айының сары майы, қоп -қою балқаймақ. Жаңа ғана қазаннан сүзіп алынған қып- қызыл бауырсақ. Буы бұрқырап күзгі соғымның бір табақ



Суретті түсірген: Жанболат Кеңжегүл

еті тағы бар. Асқазанымды шұрқыратып, сілекейімді шұбыртқан майлы дастархан мен үшін жайылған. Иә, арнайы студентке бола. Не жеймін, не ішемін, не істеймін өз еркінде. Бәрі дап -дайын. Осындай дайын сценаримен үш күнім зу етті. Ағайынның ортасында жүріп демалыстың таусылғанын аңғармай қалыппын. Ертең қайтадан қалаға кетемін. Соны ойласам жүрегім шымыр ете қалады. Қаланың у- шуы басым қым -қуыт тіршілігін айтсаңшы. Ауылдағы қазіргі жұмақ өмірім көзден бұл-бұл ұшады-ау.

Қайран анашым, баласының қоржынын толтырумен әуре. Тыққан -пыққан тәттісі мен дәмдісін сөмкеме әкеп сұңғытуда. Дүкенде келісі қымбат бағамен сатылатын шоколадты әкелгені сол еді, үш жасар інішегім Қажымұрат: «Апа, апа кәмпит берші» деп қолын созды. Сыртта жүрген құлыншағы ашығып қалар деп уайымдаған анам бір шоколад татырмастан тұңғышына тыққыштай берді. Бір кезде «Қой, кет ары. Сен үйдесің, қарның тоқ. Бар ойна» деп зекіп тастады. Қос алақаны бос қайтқан інім қой көздері мөлдіреп маған қарай берді. «Анашым, бір кәмпит беріңізші. Мен аш болсам да артымдағы кішкентайлар риза болсын» деп едім, құлақ асатын түрі жоқ. Жанарына бір тамшы домалап түскен Қажымұрат еңіреп әжеме қарай жүгірді. Артына бұрыла ызалы көзін қадаған бауырымның сұп -суық қарасы өңменінен өтіп кетті. Сол сәттен бастап бойымда бір күш пайда болды. Туысқандарымның аузынан жырып берген анамның ас-суын, қаражатын, ақ сүтін өтеуге тиіспін. Теріс жолға түспей, дұрыс бағытты таңдап, кішілерге үлгі болу менің міндетім. Кей кездері өмірде сағым сынған сәттері бойымды тік ұстап аламын. Мені мықты болуға, жігерімді жаныған да кішкентай ботақанымның бір тамшы жасы болатын.

Аяулым КӘКІМБЕК.

Ерте, ерте, ертеде...



Бөпесін бесік жырымен әлдилеп, бөбегіне ертек айтып өсірген қазақ халқы ежелден ұрпақ тәрбиесіне жете мән берген. Сәбиді кішкентайынан дұрыс жолға бастап, өнегелі болуға үндейтін түрлі аңыз-әгімелерді құлағына құйған.

Табиғатпен тілдесе тіршілік еткен бабамыз балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілерін о бастан білмеді дейсіз бе?! Өз заманының бетке ұстары болған Айғаным, Зере сынды ертекші әжелер сол заматта-ақ бала санасын жетілдіруде еш жерде жазылмаған ілімді меңгерген еді. Ол, әрине, ертегі айту.

Ал бүгінгінің балақайлары үшін тәрбие көзі не? Оларға кимешекті әжесі не болмаса ақ жаулықты анасы ертегі айтады ма?

Ой салатын бұл сауалдардың жауабы бір, ол-заман. Қазір заман -басқа, заң-басқа. ХХІ-ғасыр технология дамып, ақпарат тасқыны уақыты. Бала біткен бәленің бәрін біледі. Өзіне керекін интернеттен-ақ табады. Керек десеңіз толып жатқан телеарналардың бірін қосып, неше алуан мультсериалды да тамашалауға мүмкіндіктері бар.

Осы сарындас жауаптан шығар қорытынды, жас ұрпақ үшін тәрбие көзі-интернет екен. Қош делік, ғаламтор жайлы әңгіме бөлек. Бір ғана мультсериал мәселесін алыңыз. Дәл қазір көк жәшікті қосып, көп арнаның біріне қойыңыз. Көретінінің-шетелдің шыңғырған «Шрек», «Өрмекші адам», «Мадагаскар» сынды айқайы басым шым-шытырық мультіктері.

Сюжеті атыс-шабыс, қырып-жоюға құрылған көріністі тамашалаған жас санасына не түйеді деп ойлайсыз?..

Әлгі мультфильмді көріп болған бүлдіршіннен түсінігін сұраңызшы, түк те есінде қалмайды. Өйткені, ондай даңғазалардың идеясы таяз, айтары жоқ.

Ұлттық идеологияны жалау еткен туындылар тіпті аз. Қазақ мультипликациясы тарихына үңілсең, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Құйыршық», «Қадырдың бақыты» сынды санаулы дүниелерге кез боламыз. Соған қарағанда ертегі айту жайы тіптен тұралап қалған жоқ па деген ой келеді.

Түптің түбінде еретегінің мақсаты-тыңдаушыға ғибрат ұсыну. Оған қоса адамның рухани азығы және идеологиялық та қызмет атқарады. Бала қиялына қанат бітіріп, ой түйуге үндейді.

Сөз соңында батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының мына бір ғибратын еске саламыз: «Ертексіз өскен бала-рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқамын. Менің қазіргі келіндерім нөмерелеріме бесік жырын айта бермейді.

Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын».

Қ.МҰРАТБЕКҚЫЗЫ.

Білімдіге дүние жарық

Білімді, білікті ұрпақ болашақ маман иелері. Олардың біліктілігін арттыратын ол – білім ордалары. Болашаққа деген үміттері мен армандарына берік жастарды оқытатын білім ордаларының бірі Ахаң атындағы қара шаңырақ.

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетте қазіргі таңда бірнеше факультет бар. Мен осыдан екі жарым жыл бұрын гуманитарлық-әлеуметтік факультеттің журналистика мамандығына оқуға түскен болатынмын. Оқуға келгенде университеттің биік ғимаратын және заманға сай жабдықталған аудиторияларды көріп таң қалдым.

Шыны керек, алғашқы оқу жылында мақала жазуға жүрексінетінбіз. Мектепті жаңа бітірген түлек мақаланың құрылысын қайдан білсін. Университеттегі оқытушыларымыздың арқасында журналистік шеберліктің қыр-сырын үйрендік. Ең бастысы, мақала жазуға машықтандық. Бүгінде біздің жазған ойтолған не болмаса шағын хабарларымыз студенттік басылымдарға жарияланып жүр. Бізге журналистиканың жанрларын үйретіп, әрқашан бағыт-бағдар беріп жүрген оқытушыларымызды,


Ақылбек Шаяхмет, Нағашыбай Мұқатов және Гүлшат Төлеуқызын ерекше атап өткім келеді. Осы кісілердің арқасында білімімді шыңдай алдым десем болады.

Университетімізде студент жастарға арналған газет-журнал шығып тұрады. Мамандыққа баулитын Медиа-студиямыз бар. Журналистика мамандығында оқып жүрген студенттер аталған студияға барып, тәжірибе жинақтайды. Сонымен қатар, шығармашылық жастар үшін «Өнер» студиясы жұмыс істейді. Онда студенттер үшін домбыра, би, вокол үйірмелері бар. Ән айтып, би билейміз дейтін жастар үшін мүмкіндік мол.

Сан саланың басын қосып, студенттерге жағдай жасап отырған ҚМУ-ды үздік жоғары оқу орны деп айтар едім. Иә, мен үшін А.Байтұрсынов атындағы оқу ордасының орны ерекше.

**Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.**





Әдеби диалог

- Туған жылың?
- Махаббат, қызық, мол жылдар.
- Ол кезде заман қандай еді?
- Қилы заман.
- Мұнда қай жолмен келдің?
- Абай жолы.
- Қалай келдің?
- Тар жол тайғақ кешіп.
- Жолда кімдерді көрдің?
- Айман мен Шолпан.
- Тағы кімді көрдің?
- Қамар сұлу.
- Көргенде қандай күйде болдың?
- Аласапыран.
- Қандай оқиғаға тап болдың?
- Қараш-қараш оқиғасы.
- Көршің кім?
- Бақытсыз Жамал.
- Ол басынан қандай күн өткізді?
- Ғасырдан да ұзақ үн?
- Сүйіктіңнің есімі кім?
- Ботагөз.
- Ол кім?
- Күйші.
- Ол қазір не істеп жүр?
- Интернатта оқып жүр.
- Алғаш танысқан мезгілің?

- Қоңыр күз еді...
- Оңаша қалғанда оған не айттып бересің?
- Қырық мысал.
- Үйленген кезіңде не бердің?
- Қалың мал.
- Оған хаттарыңды қай кезде жазушы едің?
- Аққулар ұйықтағанда.
- Сен қандай азаматсың?
- Оқыған азамат.
- Мойныңдағы не?
- Шұғаның белгісі.
- Ал мына жеріңді не шаққан?
- Маса.
- Өмірлік ұраның?
- Ғылым таппай мақтанба.
- Болашақта кім болғың келеді?
- Миллионер.
- Мына балаларға не айтасың?
- Кел, балалар, оқылық.
- Танысып қоялық. Есімің кім?
- Менің атым – Қожа.



Қытайды таң қалдырған әнші Димаш

Қазақ эстрадасының жас толқыны Димаш Құдайбергеновтың есімі тыңдарманға етене таныс. Жас әншінің Қытайдың Hunan TV мәдени арнасындағы "Мен әншімін" (I am a Singer) байқауына қатысып жатқанынан қалың көпшілік хабардар. Сол байқауда қазақ баласының талантына қытайлықтар таңдай қақты, өнеріне тәнті болды.

Димаш қытай көрерменінің алдына алғаш рет 10 қаңтар күні шыққан күннен бастап, жас әнші туралы сол елдегі жергілікті баспасөзі жаза бастады. Бұл туралы әншінің анасы Света Айтбаева инстаграм әлеуметтік желісіндегі парақшасында жазды. Димашқа қытай сарапшылары "талантты, қабілетті әнші" деп баға берді. Ол ән байқауында француздардың ең қиын «SOS d'un terrien en détresse» деп аталатын әнін шырқады. Сайыстың екінші кезеңде орыстың жоғары дауысты әншісі Vitas-тың Опера 2 әнін сәтті орындаған.

Қытай халқының зор қошеметіне ие болған қазақ баласы еліміздің үміт артар әншілерінің бірі де бірегейі. Ол өнерлі отбасында туып өскен. Кішкентайынан сахнаға шыққан. Бес жасында балаларға арналған музыкалық студияның фортепиано және вокал сыныбында оқыған. Ал алты жасында Димаш "Фортепиано" номинациясы бойынша "Айналайын" республикалық байқауының лауреаты атанса, 10 жасында облыстық іс-шараларда жүргізуші болған. Музыкалық колледжде білім ала жүріп, әртүрлі байқауларға қатысады.

Сопрано дауысты әнші Майра Мұхамедқызы

Димаш Құдайбергеновке арналған отандық бағдарламалардың бірінде былай деген болатын - "Ер баланың әйел адамның контральто, сопрано дауысымен ән айтуы қазақтың табиғатында бар ма?" деп менен сұрап жатады. Неге қазақта ондай дауыс жоқ? Ерік Құрманғалиев деген контральто болған қазақта, егер ондай керемет дауыс шығып жатса, бұл – қазақ өнерінің қазынасына құйылған үлкен байлық». Майра Мұхамедқызы бағдарлама барысында Димаштың дауысына контральто деген баға береді. Әйел дауысында ән айтатын еркек әншілер болады. Бұл дауыс түрі әлем бойынша сирек кездеседі. Табиғат берген дарынының арқасында жіңішке, жуан дауыста бірдей ән айта алатын әншілерді контратенор деп атайды.

Біздің Димаш ән айтудың техникасын жетік меңгерген. Ол ер адамның баритон, контратенор дауыстарында да, әйел адамның контральто дауысында да айта алады. Бұндай дауыс ерекшелігі вокал өнеріндегі құбылыс болып есептеледі. Жер жүзінде сирек кездесетін дауыс кеңдігі бүкіл әлемнің асыл қазынасына жатады. Бұндай бірегей дауыс – музыка өнерінің белгілі бір заңдылығына бағынбайтын өзгеше өнер. Еркектің дауысынан жоғары, әйелдің дауысынан төмен дауысты контральто деп айтуға болады. Музыкалық білімі бар, кәсіби әншінің дауысы – 2 октава. Ал Димаштың дауысы – 4 октава. Өзінің айтуынша, 4,5-5 октаваға дейін жетеді.

Біздің анықтама:



Аты-жөні: Димаш Құдайберген
Туған жылы, күні, айы: 1994 жылдың 24 мамыры, Ақтөбе қаласы.

Жетістіктері: «Айналайын» республикалық байқауының лауреаты, 2010 жылы "Байқоңырдың Әсем дауыстары" Халықаралық фестивалінің I жүлде лауреаты атанды. 2012 жылы "Жас қанат" Республикалық жас ән орындаушылар байқауының Гран-при жүлдесіне ие болды. 2012 жылы "Восточный базар" Халықаралық байқауында I жүлде лауреаты атағына ие болды. Бір жылдан соң, "Мейкин Азия" I Халықаралық фестивалінің жеңімпазы болып атанды. 2014 жылы Ақтөбе қаласында А. Жұбанов атындағы Музыкалық колледжінде "академиялық ән орындау" факультетін бітіріп, Қазақ Ұлттық өнер университетінің "эстрада өнері" факультетіне түсті. 2015 жылы 28 қазанда Стамбұлда "Abu TV" халықаралық Азия-Тынық мұхит фестивалінде Қазақстан Республикасының атынан алғаш рет қатысты.

Отбасы: ата-анасы елімізге белгілі әншілер Қанат және Света Айтбаевтар. Димаштың әкесі Қанат Айтбаев - облыстық филармонияның басшысы, анасы Светлана Айтбаева – облыстық маслихат депутаты. Димаштың ата-әжесі де өнерге жақын. Бірі домбырада ойнаса, екіншісінің ән айтуға бейім. Димаштың Раушан атты қарындасы, Мансұр атты інісі бар.

Сурет интернеттен алынды.

Тарихи сурет



«Қостанай тыңының» аңызы, Социалистік Еңбек Ері
Кәмшат Дөненбаева немересімен бірге. 2015 жыл қазан.

Ойтолғап

Сіз бақыттысыз ба?

Өмірге келген әрбір жан бақытты. Өйткені, біз "өмір" атты үлкен сыйлыққа ие болдық. Сол сыйды бағалай білген пенде ғана шынайы бақытты бола алады. Әрине, бақытты әркім әрқалай түсінеді.

Өткен бір аптада жамағатпен жұмыла жұма намазын оқуға мешітке барған едім. Сонда керемет бір уағыз айтылды. Тыңдағаным сонша терең ойға баттым. Уағызда айтылғандай шынайы бақытты жандар, біріншіден, байлыққа қызықпайды. Барға қанағат, жоққа сабыр етеді.

Екіншіден, бақытты жандар білімді жоғары бағалайды. Өзінен жоғары дәрежедегі білікті де білімді ғалымдарды үлгі тұтып, солар сияқты ғұлама болуға ұмтылады.

Үшіншіден, бақытты жандар жақсылық жасауға асық тұрады. Жақсылық жасауды міндетсінбейді және оның қайтарымын күтпейді.

Төртіншіден, бақытты жандар, істеген күнәсін ешқашан ұмытпайды. Сол күнәсін күн сайын еске алып, екінші рет қателік жасамауға тырысады.

Ал, бақытсыз жандар керісінше, байлыққа қызығады. Басқаның дүниясына қызығып, тойымсыздық танытады.

Бақытсыз жандар білім алуға, оқуға талпынбайды. Өзін өзгелермен салыстырумен болады. Біреуге жасаған жақсылығын ұмытпайды. Басқалармен санасып жүреді. Ешқашан күнә жасамағандай, өздерін сүттен ақ, судан таза көрсетіп надандық танытады.

Құрметті жас достар, сіздер қай топқа жатасыздар? Ойланып көрдіңіздер ме?

Арайлым ҚАБИМОЛДАҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 217 бөлме.
Медиа – студия.
Байланыс телефоны:
қалааралық
8-7142-51-11-67,

Редакция оқырман
хаттарына жауап бермейді,
кері қайтармайды.
Журналдың қажетті
сандарын редакциядан
сатып алуға болады.
Бағасы келісімді.
«Жас өркен-Қостанай»
журналына демеушілік
көрсетем деушілерге мына
есеп-шотымызды ұсынамыз:
РМҚК «А.Байтұрсынов
атындағы Қостанай
мемлекеттік университет»

ИИК KZ83856000000079688
РНН 391700052352,
БИН 990240005319
БИК КСJBKZKX
РНН банка 391700078345
БИН банка:980841000472
Кбе 16

Журнал редакцияның
компьютерлік орталығында
теріліп, беттеліп
«Қостанайполиграфия»
ЖШС баспаханасында
басылды.

110007, Қостанай қаласы,
С.Мәуленов көшесі, 16.
Басуға 09.02.17 ж.

қол қойылды.

Көлемі 32 бет,
Офсеттік басылым.

Тапсырыс № 458

Таралымы 500 дана.

Баспахана түпнұсқасы
нашар суреттердің сапасына
жауап бермейді.





Әмірзақ Сұлтанғазин

Есімі әлемге танымал ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, жерлесіміз Әмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин 1936 жылы Қостанай облысы Сарықол ауданы Қараоба ауылында туған. Алақандай ауында туған бала өсе келе әлемге танымал. Оның еңбек жолын көктей шолып қорейікші. Қазақ мемлекеттік университетінің студенті, сол білім шаңырағының доценті, профессоры, кафедра меңгерушісі. 1978-1986 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының математика және механика институтының директоры, Қазақстан Ғылым академиясының физика-математика бөлімшесінің академик-хатшысы, Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті, 1988-1994 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының президенті, 1991 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін Ғарыштық

зерттеулер институтының директоры болды.

Әмірзақ Махмұтұлы АҚШ-та, Англияда, Францияда, Германияда, Жапонияда және басқа да көптеген шетелдік белгілі университеттерінде дәріс оқыған. Сол ел ғалымдарымен бірлесе талай зерттеулер жүргізген. Карлов университеті мен Мәзень қаласының электротехникалық институтында тасымалдау теориясының математикалық проблемалары жөнінде дәріс оқып, «Сызықты Больцман операторының теориясындағы спектр мәселелері» жөнінде ғылыми жұмыспен шұғылданды. АҚШ-тағы Стэнфорд университетінде «Сфералық гармоника әдісінен туындайтын Фридрикс бойынша симметриялық гиперболалық жүйелер» туралы дәріс оқып, профессор Б. Келлоггтың (Мериленд университеті) семинарында «Сызықты емес Больцман теңдеуінің дискретті моделі» жөнінде баяндама жасап, профессорлар — Фрилинске (Оңтүстік Калифорния университеті) мен Р. Лакса (Куранттың математика институты, Нью-Йорк) жолығып, сәуленің тасымалдау теориясындағы есептердің шешуін жуықтап есептеу мәселелерін талқылады. Чехословакияда, Кубада, Польшада, Германияда, Жапонияда, Ирландияда, Италияда, Австрияда, Францияда, Иранда, Швецияда және басқа көптеген алыс та жақын шетелде профессор Сұлтанғазинді жақсы біледі, ол мұнда талай дәрістер оқыды, талай ғылыми конференцияларға қатысып, баяндамалар жасады. Әмірзақ Махмұтұлы осы саладағы бүкіл әлем мойындаған ғалым болатын. Алыстағы Кентукки қаласының құрметті азаматы еді.

Қорнекті қоғам қайраткері Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қазақстан Бейбітшілік қорының төрағасы, Ғылым мен техника жөніндегі Мемлекеттік сыйлық комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы математиктері ұлттық комитетінің төрағасы және басқа көптеген қоғамдық жұмысты белсене атқарды.

Ол қазақстандық ғарышкерлер үшін ғылыми бағдарлама жасаған, Муктар Әубәкіров пен Мамғат Мұсабаевтың ғарышқа ұшуына тікелей араласқан ғалым болатын. Оның апаттық аймақтардың жағдайын зерттеудегі математикалық тәсілдері ғылымға қосылған соны ұлес еді. «Мир» ғарыш станциясында академик жасаған бағдарлама күні бүгінге дейін қолданылады.

Академиктің Отан алдындағы еңбегі Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, Мәуелсіз Қазақстанның «Нарасат» орденімен, С.Н. Королев атындағы, Н.А. Гагарин атындағы алтын медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірнеше Құрмет грамотасымен аталып өтілген еді. Оған КСРО Мемлекеттік сыйлығы, Қазақстанның Мәуелсіз «Маршан» сыйлығы берілді.

Академик Сұлтанғазин тек математик ғана емес еді, оның ғылымының талай салалары бойынша жасаған баяндамалары мен сойлеген сөздері рухани дүниесізге қосылған ерекше құндылық.